ҚҰДАЙЫ АСТА ЫСЫРАПҚА ЖОЛ БЕРМЕЙІК



Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ,
ҚМДБ Төрағасы, Бас мүфти

Аса қамқор ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын! Барлық мақтау Аллаға тән. Ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммедке Алланың салауаты мен сәлемі болсын!

Біз – «Алты жыл аш болсаң да, атаңның салтын ұмытпа» деген қағиданы берік ұстанған ұлтпыз. Халқымызда «Уықты басқұр сақтайды, халықты дәстүр сақтайды» деген аталы сөз бар. Расында құдайсыз қоғам құру басты идеологияға айналған кешегі кеңес заманында дініміз бен салтымызды сақтап қалуға дәстүріміз күшті ықпал етті. Ел арасындағы діни құлшылықтар халқымыздың дәстүрлі рәсімдері ретінде қабылданды. Оны жұртымыз жақсы біледі.

«Жақсы заңың болғанша, жақсы дәстүрің болсын» деген қанатты сөздің мәнін күн санап түсініп келеміз. Шариғатымыз халық ұстанған дұрыс әдет-ғұрыптарға ешқашан тыйым салмаған. Ғұрыппен әмір ету – дініміз рұқсат берген істің бірі. Оған қасиетті Құран Кәрімдегі: **«Ғафу жолын ұста, ғұрыппен әмір ет...»** деген «Ағраф» сүресінің 199-аяты дәлел ретінде жеткілікті.

Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Исламға дейін әдет-ғұрыптан пайда болған, яғни өмірдің өзі туғызған шариғат негіздеріне қайшы келмейтін дәстүрге тыйым салмады. Ал қазіргі кезде салт-дәстүріміздің қайнаркөзі болған жиын-тойларымыз ғұрпымыз бен шариғатымызға сай өтіп жүр ме? Бұл дін мен дәстүрді ел ішінде ұдайы насихаттап жүрген бізді, дін қызметкерлері мен имамдарды ойландырмай қоймайды.

Халқымыз «Мал – баланың шашуы» дейді. Жұртымыз дүниеге сәби келісімен «шілдехана», «бесікке салу», «қырқынан шығару», уақыт өте келе «тұсау кесу», «сүндет той», «атқа мінгізу», «тоқым қағар», «тілашар» сияқты тойларын жасап, қуанышы мен қызығын ағайынмен бірге өткізген. Шілдехана тойын мұсылмандық дәстүр деп айтсақ та болады. Яғни ақиқаның бір көрінісі іспеттес. Ақиқа – нәресте дүние есігін ашқанда Алла Тағаланың ұрпақ беру нығметіне шүкіршілік ретінде сойылатын құрбандық түрі. Демек қазақтың шілдеханасын шариғаттан шет кетпеген ұлттық салт деуге болады. Одан кейін үйлену, қыз ұзату тойлары, қазіргі уақыттағы әулет үлкендерінің мерейтойлары, қоныс той бар, қарап отырсақ, қазақтың тойшыл халық екені осыдан-ақ көрінеді. Алайда, «Той десе, қу бас жерге домалайды» дейтін халқымыз тойшыл келгенімен, ысырапшыл болмаған. Торқалы тойында да, топырақты өлімінде де аталарымыз ас та төк мал шашуды құп көрмеген.

Қасиетті Құран Кәрімнің «Фұрқан» сүресінің 67-аятында: **«Олар мал-дүниені жұмсағанда ысырап та етпейді, сараңдық та істемейді, осы екеуінің ортасын ұстайды»**, – деп баяндалғандай,



бұрынғылардың ысырапты да ескергені, сараңдыққа да бой алдырмағаны даусыз.

Имам Журжани (Алла оны рақымына алсын): «Ысырап – көп мөлшердегі мал-мүлікті пайдасыз нәрсеге жұмсау, шығын шығару шегінен асып кету. Кейбіреулердің айтуынша, ысырап – адамның өзіне рұқсат етілмеген нәрсені жеуі немесе рұқсат етілген тағамды қажеттіліктен тыс тұтынуы. Ысырап – белгілі бір мөлшерден асып кету, яғни өзіне берілген несібенің қадірін білмеу және оны қажетсіз артық жұмсау. Бұл – бейберекет шашу», – деп түсіндірген.

Ысырапқа қатысты тағы бір келеңсіздік – құдайы астардағы дастарқан мәзірінің тойдан кем жайылмауы. «Қазалы үйде қазан көтерілмесін» деген игі дәстүр еліміздің кейбір ауылдарында әлі күнге сақталған. Шын мәнінде бұл – қара жамылған шаңырақ үшін материалдық һәм рухани қолдау.

Қасиетті Құран Кәрімнің «Фұрқан» сүресінің 67-аятында: «Олар мал-дүниені жұмсағанда ысырап та етпейді, сараңдық та істемейді, осы екеуінің ортасын ұстайды», – деп баяндалғандай, бұрынғылардың ысырапты да ескергені, сараңдыққа да бой алдырмағаны даусыз.

Өйткені жақынын жоқтап отырған адамның уайым тұңғиығына еніп кетпеуі өте маңызды.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы осыған дейін «Ас беру мәдениеті» құжатын қабылдады. Аталмыш құжат ҚМДБ жанындағы Ғұламалар кеңесінің бірнеше мәжілісінде талқыланып, бекітілгенін ерекше атап өткен жөн. Ол құжатты қабылдаудағы негізгі мақсат – Қазақстанның барлық аймағында шариғат шеңберінде, салт-дәстүрімізді ескере отырып, отбасылардың әлеуметтік жағдайына салмақ салмайтын және ысырапқа жол бермейтін құдайы ас беру мәдениетін қалыптастыру және насихаттау. Құдайы ас беру ата-бабамыздан келе жатқан халықтық дәстүр мен ұлттық мәдениетіміз болғандықтан, оның бүгінгі заман талабына сай кейбір тұстарын бір ізге келтіріп, келешек ұрпаққа аманат етуіміз керек.

Құжатта құдайы ас берудің тарихи мәні, анықтамасы, дін мен дәстүрдегі орны, өзектілігі жан-жақты сараланып, тәптіштеп түсіндірілді. Сондай-ақ құжатта құдайы ас беру мәдениетінің негізгі жеті тірегі ұсынылды. Жеті тірек ішінде шынайы ниет ету, құдайы асқа жиналу, Құран оқу, бата беру және дұға жасау, ысырапқа жол бермеу, құдайы аста уағыз-насихат айту, марқұмды еске алу және қаралы отбасын жұбату, құдайы

аста қарапайымдылықты сақтау сынды мәселелер қамтылды.

Болашақ ұрпақ үшін дұрыс бағдар беріп, жөн сілтеу мақсатында дәстүрлі діни жөн-жоралғыларымызды шариғи һәм ғылыми тұрғыдан саралап жүзеге асыру – заман талабы. Қоғамда көрініс тауып отырған, шариғат пен дәстүрге сәйкес келмейтін шындығынан жорамалы басым, пайдасынан зияны көп кейбір әдеттердің ел арасында етек жая бастауы баршамызды алаңдатып отыр. Әсіресе, қайтыс болған кісіні арулап жер қойнына тапсырып, жаназасын шығарғанда, жетісі, қырық күндігі, жыл толуына байланысты дастарқан жайылғанда дінімізде нақты талап етілмеген, салт-дәстүрімізге сай келмейтін, ақырет үшін пайдасыз кейбір әдеттер қоғамда белең ала бастады. Мысалы, жақынынан айырылып отырған қаралы шаңырақ «көпшілікке ас беру – перзенттік міндетіміз» деп ас та төк дастарқан жайып, шектен тыс шығынға батуда. Бұл орташа табысы бар көптеген отбасыларға ауыртпашылық тудыратыны сөзсіз. Сондықтан бүгінгі күні еске алу іс-шараларын ұйымдастыру мәселесі өзекті тақырыптың біріне айналды.

Ауқатты отбасылар құдайы асқа ірі қара сойып, құрбан шалып жатқанда, жағдайы төмен және орташа отбасылардың одан қалысқысы келмейтіні түсінікті. Осыдан кейін жұрттан қарыз алып, қауғаланып «парызымды орындаймын» деп дүниеден өткен жандарға ас беріп, шығындалып жүргендер де жоқ емес. Ал, шын мәнінде ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): ***«Жеңілдетіңдер, ауырлатпаңдар, сүйіншілеңдер, қорқытпаңдар!»*** – деген.

Бүгінгі күні осы сынды жағдайлар реттелмесе, жыл өткен сайын бұл мәселе күрделене түсуі мүмкін. Сол себепті Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы осы рәсімдерді реттеп, бір жүйеге келтіретін арнайы құжатты ел назарына ұсынды.

Ең алдымен құдайы астың негізгі мәні көпшіліктің басын қосып марқұмға Құран бағыштап, дұға жасау, Алла Тағаланың мейірімін, Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) шапағатын тілеу, пендешілікпен өткен қателіктері мен күнәлары үшін Жаратқаннан жарылқау сұрау екенін ұмытпау қажет. Ата-бабамызды құрметтеу, олардың салған ізгі жолын қадірлеу – әрбір ұрпақтың қастерлі борышы. Өйткені ата-бабалардың жүріп өткен жолы – бүгінгі ұрпақтың рухани тұғыры. Ислам діні бұрын өткен игі буынды құрметтеп, оларды жақсы сөзбен еске алуға үндейді. Ол жөнінде қасиетті Құран Кәрімде: **«Өздерінен кейін келгендер Аллаға: «Уа, Раббымыз! Бізді және бізден бұрын иман келтірген бауырларымызды кешіре көр! Жүрегімізде иман келтірген жандарға деген жек көрушілік, өшпенділік сынды жаман сезімнің оянуына жол бере көрме! Уа, Раббымыз! Шүбәсіз, Сен өте Мейірімді һәм Рақымдысың»**, **– деп дұға етеді»**, – делінген («Хашыр» сүресі, 10-аят).

Ислам құқығында «Үкімдер уақыт пен мерзімнің өзгеруіне қарай өзгеріске ұшырайды» деген маңызды қағида бар. Сондықтан жаңа заман талабына сай кейбір әдеттер мен дағдылардың өзгеруі заңды құбылыс. Қазіргі кезде бүкіл әлемде қоғамның ақпараттық бет-бейнесі күрт өзгеруде. Ақпараттық технологияның санаулы жылдардың ішінде қарыштап дамып, қоғамдық көзқарас пен түсініктің де күрт өзгеріп кетуі бұрынғы өмір сүру дәстүрлерін сол қалпында ұстануға мүмкіндік бермейді. Тек тарихи қалыптасқан жолды ғана ұстанумен шектеліп, жаңа талаптарға бейімделмеген халықтардың қоғамға ілесе алмай, көптеген қателіктерге бой алдырып жатқаны белгілі. Дәл сол секілді құдайы ас беру мәдениетін де заман мен қоғам талабына сәйкестендірудің қажеттілігі туындап отыр. «Құдайы ас» берудің түпкі өзегін, мәнін сақтай отырып, жаңаша сипатқа көшудің маңызы осында. Құдайы астағы дастарқан мәзірін бекітіп, сол мәзірге халықтың бірауыздан келісуі маңызды. Құдайы ас беру мәдениетін қалыптастыратын бірізді ереже қабылдап, оны жан жақты дәріптеп жатқанымыз сондықтан. Бұл құжат бүгінгі қоғамдағы рухани ынтымақ-бірлікті сақтауға және заман талаптарымен санасуға ықпал етуде. Аллаға шүкір, қала мен өңірдегі мешіт жанынан ашылған асханаларда ҚМДБ бекіткен құдайы ас мәзірі бойынша дастарқан жайылып, бұл бастама көпшілік тарапынан үлкен қолдауға ие болуда.

Қорыта айтқанда, той мен құдайы аста қонаққа жайылатын дастарқанда ысырапқа, бос мақтанға жол берілмеуі керек. Сондай-ақ әрбір жиынның белгіленген уақытта басталуы да адамдардың уақытына құрметпен қараудың белгісі. Түптеп келгенде ол да әдеп пен мәдениетіміздің бір бөлігі. Хақ Тағала Құран Кәрімде: **«... Ішіңдер, жеңдер, алайда ысырапқа жол бермеңдер. Өйткені Алла Тағала ысырап етушілерді жақсы көрмейді»** деген («Ағраф» сүресі, 31-аят). Алла Тағала біздердің асыл дінімізді берік ұстап, салтымызды сақтаған, дәстүрін құрметтеген ұрпақтан болуымызды нәсіп еткей! Уақыты мен ішіп-жемінде, дүниелік істерінде ысыраптан сақтап, дінге адал, дәстүрге берік қазақ жұртына амандық бергей. Әмин!



ИСЛАМ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ

Қазақ халқының тарихи қалыптасуы мен рухани-мәдени дамуында Ислам дінінің орны айрықша. Исламды қазақ дүниетанымынан, ұлттық мәдениеті мен дәстүрінен, халқымыздың ғасырлар бойғы тарихи сабақтастығын бөлек қарастыруға болмайды. Өйткені Ислам халықтың дүниетанымына, моральдық ұстанымдарына, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүріне, тілі мен әдебиетіне, білім жүйесі мен қоғамдық қатынастарына ықпал етіп, ұлттық болмыстың қалыптасуына әсер еткен маңызды рухани факторлардың біріне айналды.

Бұл сабақтастықты дұрыс түсіну бүгінгі қоғам үшін де маңызды. Дін мен дәстүрдің арақатынасын байыппен пайымдау бір жағынан дінді ұлттық мәдениеттен алшақтататын түсініктердің, екінші жағынан ұлттық құндылықтарды діни ұстанымдарға қарсы қою сияқты жаңсақ көзқарастардың алдын алуға мүмкіндік береді.

Исламның қоғамдағы орнын тек шариғаттың құқықтық нормаларымен өлшеу жеткіліксіз. Ислам – құқықтық ережелер жүйесімен ғана шектелмейтін, адамның сенімін, дүниетанымын, мінез-құлқын және моральдық ұстанымдарын қалыптастыратын тұтас рухани жүйе.

Қазақ халқының Исламды қабылдау тарихына назар аударсақ, оның халық өміріне рухани-адамгершілік, мәдени және дүниетанымдық тұрғыдан терең орныққанын көреміз. Исламдық түсініктер уақыт өте келе халықтың тұрмысымен, салт-санасымен және әдет-ғұрпымен сабақтасты. Сондықтан қазақ қоғамындағы Исламның тарихи орнын зерттегенде фиқһ пен ақида сияқты діни ғылымдармен қатар тарих, этнография, тіл білімі, әдебиет, мәдениеттану және философия салаларының деректерін де кешенді қарастыру қажет.

Діни сауатсыздық пен деструктивті діни идеологиялардың алдын алуда Исламның ішкі ғылыми негіздері, соның ішінде ақида, фиқһ, усул әл-фиқһ және діни мәтіндер маңызды орын алады. Алайда Құран мен сүннетті діни дәлел ретінде мойындамайтын адамдар үшін мұндай уәждер әрдайым бірдей қабылдана бермейді. Мұндай жағдайда тарихи, мәдени және

рационалды дәлелдердің маңызы артады. Қоғамға түсіндіру жұмысында діни негіз бен ақылға сүйенген пайым, тарихи дерек пен ұлттық мәдени сабақтастық бір-біріне қарсы қойылмай, өзара толықтырушы құрал ретінде қолданылуы қажет.

Бұл тұрғыдан матуридилік дүниетанымдағы ақылдың орны да маңызды. Яғни қоғамның әртүрлі дүниетанымдық топтарымен жұмыс жүргізуде діни дәлелмен қатар тарихи санаға, мәдени мұраға және рационалды ойлауға сүйену өзара түсіністікке жол ашады.

Қазақ халқының тарихи-мәдени болмысын қалыптастырған маңызды факторлардың бірі – Ислам өркениетімен ғасырлар бойы қалыптасқан байланыс. Бұл ықпал діни рәсімдермен ғана шектелмей, адамның дүниені қабылдауынан бастап күнделікті қарым-қатынасына дейінгі көптеген саладан көрініс тапты.

Ислам қазақ мәдениетіне сырттан келген әрі өзгеріссіз қабылданған құбылыс ретінде емес, жергілікті тарихи-мәдени ортамен өзара ықпалдаса отырып орныққан рухани жүйе ретінде қарастырылуы тиіс. Осы сабақтастықты төмендегі негізгі бағыттардан байқауға болады.

1. Діни сана және дүниетаным. «Алла», «иман», «тағдыр», «ниет», «сауап», «күнә», «ақырет», «парыз», «тәубе» секілді ұғымдар қазақтың рухани дүниесінде терең орныққан. Олар тек діни терминдер ғана емес, халықтың дүниетаным жүйесінің құрамдас бөлігіне айналды.

Қазақ халқының Исламды қабылдау тарихына назар аударсақ, оның халық өміріне рухани-адамгершілік, мәдени және дүниетанымдық тұрғыдан терең орныққанын көреміз. Исламдық түсініктер уақыт өте келе халықтың тұрмысымен, салт-санасымен және әдет-ғұрпымен сабақтасты.

2. Тарих және мемлекеттілік. Орталық Азия мен Дешті Қыпшақ тарихында Исламның орны ерекше. Қарахан мемлекеті дәуірінен бастап түркі халықтарының саяси және мәдени тарихында Ислам маңызды рөл атқарды. Қарахандықтар тұсында Исламның кең таралуына жағдай жасалып, кейін бұл дәстүр Алтын Орда, Моғолстан және Қазақ хандығы кезеңдерінде жалғасты.

Түркі даласында ханафилік құқық мектебі мен матуридилік сенім мектебі кең таралып, Қожа Ахмет Ясауи сынды рухани тұлғалар Ислам құндылықтарын түркі тілінде насихаттады. Дешті Қыпшақтан шыққан Әбу Мұғин ән-Насафи, Хусам ад-Дин ас-Сығанақи, Әбу әл-Ғафур әл-Кердери, Қауам әд-Дин әл-Фараби әл-Итқани секілді ғалымдардың еңбектері аймақтағы исламдық ғылыми дәстүрдің дамуына үлес қосты.

3. Тіл. Қазақ тілінің сөздік құрамында араб және парсы тілдерінен енген көптеген сөздер, ұғымдар бар. Мәселен, «ғибрат», «парыз», «ниет», «сауап», «дүние», «ақырет», «иман», «әдеп», «амал» секілді сөздер халықтың тілдік қолданысына терең орныққан. Бұл тіл мен мәдениеттің тарихи байланысын көрсетеді.

4. Ойлау жүйесі және халық даналығы. Қазақтың мақал-мәтелдері мен шешендік сөздерінен Аллаға сенім, тағдырға илану, сабыр, шүкір және тәуекел ұғымдарын кездестіруге болады. Мысал берер болсақ, «Алланың жазғаны болады», «Құдайсыз құрай да сынбайды», «Сабыр түбі – сары алтын» сияқты нақылдар халық даналығы мен діни дүниетанымның сабақтастығын көрсетеді.

5. Құқық және қоғамдық қатынастар. Қазақтың дәстүрлі құқық жүйесі жергілікті әдет-ғұрып, қоғамдық тәжірибе және исламдық құқықтық-этикалық түсініктердің өзара ықпалдастығы негізінде қалыптасты. Қасым ханның «Қасқа жолы», Хақназардың «Хақ жол», Есім ханның «Ескі жолы», Тәуке ханның «Жеті жарғысы» қазақ қоғамындағы тәртіп, әділет және жауапкершілік қағидаларын орнықтыруда маңызды қызмет атқарды. Бұл жүйелердің шариғатпен тығыз байланысын көреміз.

6. Әдет-ғұрып және салт-дәстүр. Қазақтың көптеген салт-дәстүрлері исламдық дүниетаныммен сабақтас. Жаназа рәсімі, марқұмға Құран бағыштау, ас беру, неке қию, бата жасау, туыстық байланысты сақтау, жетім-жесірге қамқорлық көрсету секілді дәстүрлерде исламдық құндылықтардың ықпалы байқалады. Сонымен қатар қазақтың барлық дәстүрін тікелей діни үкім ретінде қабылдауға болмайды. Бірқатар салттар халықтың тарихи тәжірибесінен қалыптасқан. Ислам олардың шариғатқа қайшы келмейтін тұстарын қабылдап, қоғамдық өмірмен үйлесуіне мүмкіндік берді.

7. Мораль және әдеп. Ата-ананы құрметтеу, үлкенді сыйлау, кішіге ізет көрсету, аманатқа адал болу, мұқтажға жәрдем беру, жетімге қамқорлық жасау сияқты құндылықтар қазақ тәрбиесінің өзегін құрады. Бұл ұстанымдар Исламдағы ахлақ ілімімен үндеседі.

8. Әдебиет және рухани мұра. Жүсіп Баласағұни, Ахмет Йүгінеки, Қожа Ахмет Ясауи, Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы сынды ойшылдардың шығармаларында иман, адамгершілік, әділет, білім, нәпсі тәрбиесі және рухани кемелдік мәселелері кең көрініс тапты. Абайдың «Толық адам» тұжырымы мен Шәкәрімнің ар-ұждан туралы ойлары қазақтың рухани-философиялық дүниетанымындағы сабақтастықты көрсетеді.

9. Білім және ағартушылық. Қазақ даласында мешіттер мен медреселер діни білім берумен қатар ағартушылық қызмет атқарған маңызды орталықтар болды. Қазақ зиялыларының бірқатары дәстүрлі діни білім алып, кейін оны заманауи біліммен ұштастырды. Бұл қазақ қоғамында діни және зайырлы білімнің тарихи тұрғыдан бір-біріне мүлде жат болмағанын көрсетеді.

10. Сәулет және тарихи ескерткіштер. Қазақ даласындағы мешіттер мен кесенелер ислам өркениетінің сәулеттік дәстүрімен сабақтас. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі түркі-ислам өркениетінің аса маңызды тарихи ескерткіштерінің бірі ретінде осы мәдени ықпалдастықтың айқын көрінісі саналады.

11. Жыр, терме және ауыз әдебиеті. Қазақтың жыр-терме дәстүрінде имандылық, адамгершілік, әділет, дүниенің өткіншілігі, ақырет және жауапкершілік тақырыптары кең орын алды. Бұқар жыраудың:

«Алла деген ар болмас,

Ақтың жолы тар болмас», – деген жолдары халық поэзиясындағы діни-адамгершілік дүниетанымның көрінісін танытады. Ыбырай Алтынсариннің:

«Бір Құдайға сиынып,

Кел, балалар, оқылық», – деген жолдарынан да діни сенім мен ағартушылық идеяның сабақтастығын көруге болады.

12. Киім мәдениеті. Қазақтың дәстүрлі киім үлгілерінде әдеп, ұят және жинақылық қағидалары көрініс тапқан. Кимешек, жаулық, ұзын көйлек секілді киім үлгілері ұлттық мәдениет пен мұсылмандық әдептің өзара үндескен тұстарын көрсетеді.

13. Тағам мәдениеті. Қазақ қоғамында халал мен харам, адал мен арам ұғымдары тағам мәдениетінің маңызды өлшемдерінің бірі болды. Мал сою, ас дайындау және қонаққа тағам ұсыну рәсімдерінде діни және дәстүрлік түсініктер қатар көрініс тапты.

14. Тәрбие жүйесі. Қазақтың дәстүрлі тәрбиесінде баланы имандылыққа, еңбекке, үлкенді сыйлауға, ата-ананы құрметтеуге және ағайынмен тату болуға тәрбиелеу маңызды орын алды. «Үлкенге құрмет, кішіге ізет» секілді ұстанымдар халық тәрбиесінің моральдық негізін айқындады.

15. Діни мерекелер. Ораза айт пен Құрбан айт қазақ қоғамында діни мереке ғана емес, ағайын арасын жақындастыратын дәстүр ретінде де орнықты. Бұл күндері үлкендерге сәлем беру, туыстармен араласу, мұқтаж жандарға көмектесу сияқты ізгі амалдар жасалды. Қасиетті Рамазан айының келуін мұсылман елдері әртүрлі сүйіншілейді. Бір елдерде сәресіне ояту үшін көшеге таңсәріден шығып дабыл қақса, енді бір елдерде Шағбан айының ортасынан асқанда балалар сәнді киім киіп, көшеде думандатып жүреді. Сол секілді біздің халқымызда күні бүгінге дейін жеткен «Жарапазан» дәстүрі бар. Рамазан айын сағына күткен балалар, жасөспірімдер үй-үйді аралап жарапазан айтады.

16. Табиғатқа көзқарас. Исламда табиғат адамға берілген аманат ретінде қарастырылады. Бұл ұстаным қазақтың табиғатты қадірлеуге негізделген дәстүрлі дүниетанымымен үндеседі. «Суға түкірме», «Көкті жұлма», «Малды теппе», «Бір тал кессең, он тал ек» сияқты тыйымдар табиғатқа құрметпен қараудың тәрбиелік үлгісі болды.

17. Қонақжайлық. Қонақты төрге шығару, ас ұсыну, мейманды құрметтеу қазақ мәдениетінің айрықша белгілерінің бірі. Бұл дәстүр Исламдағы қонақты құрметтеу қағидасымен де сабақтас. Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қонақты құрметтеуге үндеген хадисі мұсылман әдебінің маңызды қағидаларының бірін білдіреді.

18. Өнер және қолөнер. Қазақтың ою-өрнек өнерінде өсімдік тектес, геометриялық және символдық бейнелер кең тараған. Оның қалыптасуына табиғи орта, көшпелі тұрмыс, эстетикалық талғам, халықтық символика және исламдық көркемдік дәстүрлер сияқты бірнеше фактор ықпал етті. Сондықтан ұлттық өнерді тек бір ғана себеппен түсіндіру ғылыми тұрғыдан жеткіліксіз.

Байқасаңыз, қазақ халқының рухани-мәдени танымында Исламның ықпалы айрықша көрінеді. Кейбір дінді терістеушілер қазақтың ұлттық құндылықтарын тек көне түркілік мұра мен көшпелі мәдениеттің жемісі ретінде қарастыруы мүмкін. Алайда ұлттық мәдениеттің осы негіздермен қатар ғасырлар бойы исламдық дүниетанымммен сабақтасып, одан алған үлкен ықпалын да көреміз. Сондықтан қазақтың ұлттық болмысынан Исламның рухани ізін жоққа шығару тарихи-мәдени үдерістің маңызды бір қырын ескермеу болар еді.

Демек, қазақтың рухани мұрасын тану – оның тарихи тамырларын тану. Ал сол тамырлардың ішінде Ислам өркениетімен сабақтасқан рухани құндылықтардың орны ерекше. Бұл сабақтастықты ғылыми тұрғыдан зерделеу ұлттық мәдениетті тереңірек түсінуге, дін мен дәстүрдің өзара байланысын дұрыс пайымдауға және қазіргі қоғамдағы рухани құндылықтарды байыпты түрде бағалауға мүмкіндік береді.

Сансызбай ҚҰРБАНҰЛЫ,
ҚМДБ Төрағасының орынбасары, наиб мүфти



ЖЕТІ АТА – ТЕКТІЛІКТІҢ НЕГІЗІ

Халқымыздың таным-түсінігінде тектілік дейтін қастерлі ұғым бар. Жұртымыз тектілігін сақтаудың арқасында өзінің ұлттық қасиетін және бірегейлігін жоғалтпаған. Өйткені тектілік ұлттың бойындағы қорғаныс қабілеті саналған.

Ғалымдардың пайымынша, адам баласына тектілік қасиет ұзақ уақыт сүзгіден өткен асыл дәстүр, терең ой, ғасырлық өмір тәжірибе, ұрпақтан-ұрпаққа қан арқылы һәм тәрбие жолымен дариды. Қан арқылы берілетін қасиетті еш нәрсемен алмастыру мүмкін емес. Оған дәстүрлі қазақ қоғамының қойнауында пайда болған «тектіден текті туады, тектілік жолын қуады», «тектен нәр алған тозбайды», «тегінде бар тектілік», «тегі мықты», «тегі таза», «тегіне тартқан» деген ілкіден келе жатқан нақыл сөздер де дәлел.

Ұлттық тәрбиенің алтын қайнарынан сусындаған, бесікте жатқанда анасының омырауын бісмілләсіз ембеген, арам ас ішпеген, жан баласының ала жібін аттамау, хақысын жемеу ұғымы бойына терең сіңірілген, үлкендердің алдын кесе өтпейтін, өз ұлтының дәстүрі мен тілін қадір тұтатын, атам қазақтың «өлімнен ұят күшті» қағидасын қатаң ұстанған, ағайынға қайырымды, жатқа жағымды, уәдеге берік, аманатқа адал, мінезі көркем, ең бастысы құстың қос қанаты сияқты адамгершілік және имандылық қасиеті бір басына терең тоғысқан кісіні текті адам дейміз.

Текті адамда үш қасиет болады. Бірінші қасиеті арғы тегінен ажырамайды, екінші қасиеті рухани бастауынан бөлінбейді, үшінші қасиеті шындықпен бірге өмір сүреді. Қарға тамырлы қазақ халқының танымы бойынша тектіліктің өзегі – темірдей тәрбие.

Яғни ұрпақ ұядан не көреді – ұшқанда соны іледі. Бұл тәмсілдің негізі мынадай: ұрпақ отбасында қандай тәрбие алады, ержеткенде дәл сондай болады деген сөз. Тектілік кездейсоқ қалыптаспайды. Ол ата-бабасының жақсы қасиеттерімен, парасаттылығымен беріледі.

Хәкім Абай тектіліктің деңгейін иманмен өлшеген. Өзінің қарасөзінде: «Толық мұсылман болмай, толық адам болмайды» деу арқылы иманды болмай, текті болмайды деген ой тастайды. Бұндай пайым Әл-Фараби бабамыздың трактаттарындада бар. Ұлама бабамыз тәрбие мен білім бір адамның бойына терең тоғысуын тектілік деп білген. «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың хас жауы» деген тұжырым жасаған.

Осы ретте қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан рухани дүниесінде жеті ата ұғымының орны ерекше екенін атап өткен жөн. Бұл жай ғана ата-баба есімдерін жаттау емес, ұрпақты өз тегін тануға, өткенін құрметтеуге, ағайынмен тату өмір сүруге, отбасылық жауапкершілікті сезінуге тәрбиелейтін тағылымды дәстүр.

Қазақ қоғамында жеті атасын білу әр адамның ата-тегін тануының, туыстық байланысты сақтауының және ұлттық тәртіпті ұстануының маңызды бөлігі болған. Жеті атаны білу – атадан балаға жалғасқан дәстүр. Әр адам жеті атаға дейін жақын туыс саналып, сол себепті халқымыз жеті атаға дейін қыз алыспаған.

Халқымыздың «Жеті атасын білмеген – жетесіз» деген сөзі осының айқын дәлелі. Ал «Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер» деген халық даналығы жеті атаны білудің түпкі мақсаты тек шежіре жаттау емес, елдік сана қалыптастыру екенін аңғартады.

Шежіре атаулар тізбегі ғана емес, ол ұрпақ пен ұрпақты жалғаған рухани көпір болған. Ата-бабасының кім, қандай адам болғанын, елге қандай еңбек сіңіргенін білген бала өзінің де сол әулеттің жалғасы екенін сезінеді. Осыдан барып оның бойында «Мен кімнің ұрпағымын? Мен ата-бабама лайықты перзент болып жүрмін бе? Мен кейінгі ұрпаққа қандай із қалдырамын?» деген сауалдар қалыптасады.

Ағаштың тамыры, діңі, бұтағы болатыны секілді, әр әулеттің де өз тамыры, тарихы бар. Қазақ шежіресі халықтың шығу тегін, туыстық байланыстарын және тарихи жадын сақтаудың дәстүрлі тетіктерінің бірі болған. Тамыры терең ағаштың дауылға төтеп беретіні сияқты, тарихи жады берік халық та өзінің рухани негізін сақтайды. Сондықтан бүгінгі ұрпаққа жеті атасын үйрету ұлттық сананы жаңғыртудың бір жолы болмақ.

Қазіргі уақытта ақпарат ағыны күшейіп, жаһандану үдерісі тереңдеген сайын жастардың өз болмысын, ұлттық негізін білуі бұрынғыдан да маңызды. Басқа мәдениеттерді тану жақсы үрдіс. Әлемге ашық болуымыз да қажет. Бірақ өзіңнің кім екеніңді ұмытпау одан да маңызды екенін ұмытпаған абзал. Мұны ұрпағымызға әрдайым айтып жүрейік. Өйткені өзгені құрметтеу үшін алдымен өзіңді тануың керек. Ал өзін танудың бір бастауы – ата-тегін білу.

Жеті ата ағайын арасын жақындастыратын дәстүр екенін жоғарыда айттық. Қазақ халқының жеті атаға ерекше мән беруінің тағы бір себебі – туыстық байланысты сақтау. Қазақтың дәстүрлі қоғамында туыстық қатынас әлеуметтік өмірдің маңызды тетігі саналған. Жеті атаға дейін жақын туыс саналуы және осыған байланысты неке тәртібінің сақталуы туыстық жауапкершілікті күшейткен. Бұдан біз бабаларымыздың отбасы мәселесіне үлкен жауапкершілікпен қарағанын көреміз. Өйткені отбасы қоғамның ең кіші бөлшегі ғана емес, ұрпақ тәрбиесінің алтын бесігі саналған.

Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): ***«Барлығың жауаптысыңдар және әрқайсың өз қарамағыңдағылар үшін жауап бересіңдер»,*** – деген. Бұл хадис адамның өз отбасы мен қарамағындағы адамдар үшін жауапкершілігін еске салады. Осы тұрғыдан қарағанда, жеті атаны білу – баршамызға ортақ асыл іс.

Қазақтың ойшылы Шәкәрім Құдайбердіұлы шежіре мәселесіне арнайы мән берген. Оның шежірелік еңбектері қазақтың тарихи жадын жүйелеуге бағыт-



талды. Ғалымдар Абай мен Шәкәрім еңбектеріндегі шежірелік деректердің сабақтастығын да атап көрсетеді. Шәкәрімнің өмірі мен шығармашылығынан біз бір маңызды тағылым аламыз. Ол – өткенді білу, өткеннен сабақ алу.

Тарихын білген адам өз заманын да дұрыс бағалайды. Шежіре адамды менмендікке емес, жауапкершілікке жетелеуі тиіс. «Мен пәленшенің ұрпағымын» деп мақтану оңай. Ал «Мен сондай жақсы адамның ұрпағы болсам, сол кісінің ізін жалғау үшін не істеп жүрмін?» деп өзіне есеп беру тектіліктің белгісі болмақ.

Қазақ тарихында ұрпағына өнеге болған әулеттер көп. Мысалы, Абайдың әкесі Құнанбай қажы ел басқару ісімен қатар, Меккеге барып, қажылық парызын өтеп, сонда тәкия салдырғаны белгілі. Ал Абайдың өзі қазақтың рухани ой-санасына өлшеусіз мұра қалдырды. Шәкәрім оның жолын жалғастырып, білім мен ар-ұятты, адамдық пен имандылықты жырлады. Бір әулеттен бірнеше буынның ел руханиятына қызмет етуі тектіліктің тек қанмен емес, тәрбиемен жалғасатынын көрсететін ғибратты мысал.

Осыдан әр адам ой түйіп, үлкен сабақ алуы керек. Балаға үлкен мұра қалдыру үшін міндетті түрде байлық жинаудың қажеті жоқ. Оған адал есім қалдыруға, жақсы тәрбие, білім, ізгі амал қалдыруға болады. Өйткені ұрпаққа қалатын ең қымбат мұра адамның жақсы аты екені бәрімізге белгілі.

Ислам діні де адамның шыққан тегін тануын жоққа шығармайды. Алла Тағала Құранда: **«Уа, адамдар! Шын мәнінде, Біз сендерді бір ер мен бір әйелден жараттық. Сондай-ақ бір-бірлеріңді тануларың үшін сендерді ұлттар мен руларға бөлдік. Расында, Алланың алдында сендердің ең абзалдарың – тақуаларың»** («Хужурат» сүресі, 13-аят) деп баяндайды. Бұл аят бізге өте маңызды нәрсені баяндап тұр. Адамның тегі мен әулеті тану үшін берілген.

Ал адамның Алла алдындағы дәрежесін анықтайтын басты өлшем тақуалық пен ізгілік екені анық. Демек, Исламдағы тектілік ұғымы адамды ата-тегімен өзгеден жоғары қоюды білдірмейді. Керісінше, жақсы әулеттен шыққан адам өзінің ата-бабасының абыройын сақтау үшін одан сайын жауапты болуы керек. Сондықтан «Мен текті әулеттенмін» деп кеуде қағу емес, «сол әулеттің атына лайық болып жүрмін бе?» деп өзімізге сұрақ қойсақ нұр үстіне нұр болмақ.

Бабаларымыз ұрпағын арзан сезімге бой алдырып, шалыс басудан сақтаған. Кезінде Құнанбай мен Алшынбайдың уағдаласып, Абайға Ділдәны айттыруы соның дәлелі. Төле би бабамыздың «Балама әйелді өзім таңдап алып беремін. Байдың байлығына қызықпаймын, бидің билігіне қызықпаймын, асыл пышақ қап түбінде жатпайды. Келінім ақылды болса, ұлымның елге даңқы кетеді» деп текті әулеттен шыққан ақылды, парасатты Данагүлді ұлына таңдап бергені белгілі. Сол Данагүл өз ауылына сыйлы, ақылды, дана келін ретінде ел есінде жатталып қалды.

Қазақтың дәстүрлі қоғамында туыстық қатынас әлеуметтік өмірдің маңызды тетігі саналған. Жеті атаға дейін жақын туыс саналуы және осыған байланысты неке тәртібінің сақталуы туыстық жауапкершілікті күшейткен. Бұдан біз бабаларымыздың отбасы мәселесіне үлкен жауапкершілікпен қарағанын көреміз.

Ақылдың көзіндей болған аталарымыз осылайша дүниеге текті, ақыл-ойы зерек, дені сау ұрпақ әкелуді мақсат етті. Саналы, сапалы, салиқалы ұрпақ қана ұлт болашағы болатынын жете түсінді. Текті ұлдан елінің қамын ойлайтын отаншыл перзент, текті қыздан ерін сыйлайтын, пайым-парасатымен елдің анасына айналатын келін шығады.

Бақдәулет НҰРМАТҰЛЫ,
Шымкент қаласының бас имамы





ТОЙ МЕН ЖАНАЗАДАҒЫ ЫСЫРАП

Қазіргі таңда ысырапшылдық адамзатты тығырыққа тіреуде. Мұның астарында дүниеге деген көзқарас пен соған сай қалыптасқан сана жатыр. Ысырапкершілік өміріміздің барлық саласына әбден сіңіп кетті. Соның ішінде той мен жаназадағы ысырап ең шырқау шегіне жеткендей. Мұның соңы жақсылыққа апармасы анық.

Ысырап сөзі араб тілінен аударғанда «босқа шашу», «мөлшерсіз жұмсау», «шектен шығу» деген мағыналарды білдіреді. Ысырап – сөз және іс-әрекеттерде діннің, ақылдың немесе ғұрыптың белгілеген өлшемдерінің шегінен шығу немесе асыра сілтеу, қолдағы бар мүмкіндікті рұқсат етілмеген мақсатта жұмсап, шашуды білдіреді. Имам Ғазали «Мүмкіндіктерді діннің, ғұрыптың және адамзаттың қажеттілігіне керекті мөлшерде жұмсау – жомарттық, одан төменгі мөлшерде жұмсау – сараңдық, ал осы өлшемдерден асып кету – ысырап», – деген екен. Сондықтан адам баласы қолындағы барлық мүмкіндіктерді Алла жолында, қоғамның қажеттілігіне жұмсаса, ысырапқа жатпайды. Осыған қатысты «Жақсылық жасауда ысырап жоқ, ал ысырапта ешқандай жақсылық жоқ» деген бір қанатты сөз қалған.

Бұрынырықта ұлан-асыр тойды тек мыңғырған мал айдаған байлар ғана жасаса, бүгінде бар қазақ жасайды. Әрине, қуанышта көптің басын қосып елге дастарған жайғаны дұрыс. Дегенмен той үшін несие алып, белшеден қарызға батып, оны жылдар бойы төлеуді қалай түсіну керек? Соңында несиені төлеуге байланысты жаңадан отбасы құрған жастардың арасында келіспеушіліктер болып, соңы ажырасумен аяқталып жатқанын біліп те, көріп жүрміз.

Тойдағы ысыраптың ең көбі дастарқан мәзіріне қатысты. Үстелді шамадан тыс толтырып тастаймыз. Бірнеше салат, екі немесе одан да көп ыстық тамақ, жеміс-жидектер мен сусындар. Оған нан мен бауырсақты, самса мен түрлі тәттілерді қосып қойыңыз. Негізінен бірінші асқа той иесі ет тартып жатады. Міне, осы жерден ысырап басталып кетеді. Астаудағы тамақты өз тәрелкесіне толтырып салып алғанмен, көпшілік тауыса жемейтінін көріп жүрміз. Мұның барлығы бірден қоқысқа тасталады. Сондықтан астаудағы, не табақтағы етті әр қонақ өзі жей алатындай етіп салып алса, ысырап болмайтын еді. Өйткені астаудағы қалған тамақ асханаға қайта апарылып, меймандарға немесе той иесінің үйіне алып етуге беріледі екен. Ал, еттің сорпасы қазанымен төгіліп жатқанынан тіпті бейхабармыз...

Әлемдік азық-түлік агенттігінің мәліметтеріне сүйенсек, бір жылдың өзінде аштық пен дұрыс тамақтанбаудан 10 миллион адам көз жұматын көрінеді. Ал ысыраппен қалай болса солай жұмсалып жатқан азық-түліктің төрттен бірі үнемделсе 870 милион адамның азық-түлік қажеттілігін өтеуге жетеді екен. Кейбір деректерге сүйенсек, бір ғана АҚШ-тағы қоқысқа тасталған азық-түлік қалдықтарының өзіне 80 миллион адам тоятын көрінеді. Ал әлемде әр бес минутта бір бала аштықтан жан тапсыруда. Олай болса, бір жапырақ нан мен азық-түлік ысырабының неге апаратынын өзіңіз пайымдай беріңіз. Әсілінде адамзаттың асылы Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): ***«..Негізінде, адамға белін түзеп, әлденуі үшін аз ғана дәм-тұз (азық) жеткілікті. Егер міндетті түрде ішіп-жеуі керек болса, асқазанының үште бірін тамаққа, үште бірін суға және үште бірін ауаға арнасын»,*** – деп айтқанындай, ысырапқа жол бермей тамақтануға әбден болады. Тіпті, тамақтанудың ең дұрыс жолы – осы. Бірақ, ысырапшылдық қанына әбден сіңіп кеткен бұл күннің адамына бұл тым ауыр тиюде.

Тіпті күнделікті ішіп-жемнің өзінде жасалып жатқан ысырапкершілік жантүршігерлік деңгейге жетті. Ал исі мұсылман ата-бабамыздың дәстүрінде қара нанның өзі аяқ асты етілмеген еді. Олар жерге түскен түйіріне дейін теріп алған. Себебі нанды құрметтеуге қатысты Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Айша анамызға: ***«Әй, Айша, нанды қадірле»*** деген ескертуін халқымыз да жерге тастамаған еді.

Үйлену тойындағы тағы бір ысыраптың түрі – көпшіліктің тілінде «гулянка» аталып кеткен жастардың қала көшелерін аралып қыдыруы. Бұл шара қомақты қаржыны талап етіп қана қоймай, кептелістің кесірінен тойға екі жастың кешігіп келуіне де себепкер болуда. Сондай-ақ «love story» деп аталатын шара және бар. Жастар қалай танысқанын көпшілікке жария етіп, тарихын таныстырады. Бұл шариғатқа да, дәстүрге де жат. Өйткені тойда күйеу бала мен келіншектің ата-анасы, ата-енесі мен өзге үлкен жастағы кісілер болады. Оларға құшақтасқан, сүйіскен сәттерін көрсетуі ерсі екенін барлығымыздың ішіміз сезеді. Мұндай фильмді түсіру үшін әжептәуір ақша жұмсалатынын да біле жүрейік.

Ысырап жасап, шектен шығу – тойдан да асып, жаназаға да жетті. Мәйіт шыққан үйдің дастарқаны той мәзіріне теңесті. Негізінде Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы жаназа мен құдайы аста ысырапшылдықтың алдын алу үшін арнайы мәзір бекіткен. Яғни, дастарқанда: нан өнімдерінен – бауырсақ пен шелпек; сусын ретінде – шай мен су; ыстық тағамға ет немесе палау қоюға болады. Бүгінде Абай мен Шығыс Қазақстан облыстарында осы дастарқан мәзірімен құдайы астар беріліп жатыр. Енді бұл басқа да өңірлерге жұғысты болса дейміз.

Бұрынырықта ұлан-асыр тойды тек мыңғырған мал айдаған байлар ғана жасаса, бүгінде бар қазақ жасайды. Әрине, қуанышта көптің басын қосып елге дастарған жайғаны дұрыс. Дегенмен той үшін несие алып, белшеден қарызға батып, оны жылдар бойы төлеуді қалай түсіну керек?

Соңғы кездері тойға ғана емес, жерлеу кезінде ас беру үшін де банкіден несие алу оқиғалары айтыла басталды. Тек жалақымен ғана күнелтіп жүрген қарапайым жандарға мұның оңайға соқпайтынын несіне жасырамыз. Демек, біз шариғаттан да алшақтап бара жатқан жоқпыз ба? Асыл дінімізде адамы қайтыс болған үйге салмақ салуға болмайтыны баса айтылмаушы ма еді.

Жақын адамы қайтыс болған кісі мәйіт жуындырып, кебіндеп, тезірек жерлеуге емес, ас-судың қаракетімен кетіп жатады. Мәйітке, бақиға озған адамға деген құрмет қайда қалды? Тіпті, ауылды жерде осындай қаракеттің салдарынан мәйіттің үйде жалғыз қалатын кездері де кездеседі. Үйдегілердің бәрі тайлы-тұяғы қалмай, бірі асқа сойылатын малды іздеп, екіншісі тарататын шүберек пен ас-судың жайымен қалаға шұбырады.

Неге қазақ осы елдегі басқа ұлыстардан кедейлеу тұрады? Үй-күйі жоқтардың дені өз қазағымыз десек еш қателеспейміз. Бірақ, той жасауға, жаназаны әлгіндей ысыраппен өткізуге келгенде алдымызға жан салмаймыз. Мұндай дарақылық керек пе бізге? Ал, қайтқан адамның қабірін ерекше әспеттеп, ақ мәрмәрден кішігірім сарай тұрғызу жайлы айтудың өзі ұят...

Кеулімжай ҚҰТТЫ



БАТАЛЫ ЕР АРЫМАС

Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында бата беру – ұрпақ тәрбиесімен, ұлттық құндылықтар жүйесімен және діни-рухани танымммен сабақтасып жатқан маңызды мәдени құбылыс.

Бата – белгілі бір жағдайға байланысты айтылатын ізгі тілек қана емес, адамның өмірлік ұстанымын қалыптастыруға ықпал ететін, үлкен мен кіші арасындағы рухани байланысты бекемдейтін тәрбиелік құрал. Осы тұрғыда қазақ қоғамы «Баталы ер арымас, батасыз ер жарымас», «Жаңбырменен жер көгерер, батаменен ел көгерер» деу арқылы оның мән-маңызын тәрбие әдістемесі ретінде дәріптеп отырған.

Бата ұғымының мазмұны ұлттық кодымыздың діңгегі, асыл дініміз исламдық дүниетанымдағы дұға түсінігімен де тығыз байланысты. Қасиетті Құран Кәрімде Жаратушы Алла Тағала пенделеріне: **«Маған дұға етіңдер, сендерге жауап берейін»** («Ғафир» сүресі, 60-аят) – деп баяндау арқылы мұсылман адамның Раббысынан игілік тілеуінің маңызын көрсетеді. Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) **«Дұға – мұсылманның қаруы»** деген хадисі дұғаның мұсылман өміріндегі рухани орнын айқындайды. Осыған сәйкес, қазақтың дәстүрлі баталарында да Алланың есімі аталып, адамның амандығы, жолының ашық болуы, ризық-несібесінің молаюы, ұрпағының өсіп-өнуі және елінің тыныштығы тіленеді. Демек, бата ұғымынан халықтың діни сенімі мен ұлттық дүниетанымының өзара сабақтастығын байқаймыз.

Оның негізгі ерекшеліктерінің бірі – тәрбиелік мазмұны. Қазақ қоғамында бата көбіне елге сыйлы ақсақалдар, билер мен абыздар тарапынан берілгендіктен, олардың айтқан сөздері кейінгі ұрпақ

үшін өнегелік мәнге ие болған. Мысалы, «Атасызға ата бол, батасызға бата бол, панасызға пана бол» деген мазмұндағы өсиет сөздер жас ұрпақты тек жеке басының қамын ойлауға емес, қоғам алдындағы жауапкершілікті сезінуге, әлсізге қолдау көрсетуге және елге қызмет етуге үндейді.

Бата алудың маңыздылығы оның адамға тек ізгі тілек білдіруімен шектелмей, рухани демеу мен моральдық жауапкершілік жүктеуінен көрінеді. Қазақ дүниетанымында үлкеннің батасын алған адам сол ақ тілекті өзіне көрсетілген сенім ретінде қабылдап, өмір жолында адалдық пен табандылық танытуға ұмтылған. Сондықтан «Баталы ер арымас» деген ұғымды адамның ешқашан қиындық көрмейтіні немесе қателеспейтіні деп емес, қандай жағдайда да алған батасының мәніне сай өмір сүруге талпынуы деп түсінген жөн. Өйткені, батада адамның жолына береке, ісіне сәттілік, жүрегіне иман, бойына күш-қуат, елге пайдасы тиетін азамат болуына ізгі тілек айтылады. Осы тұрғыдан алғанда, бата – адамға сыртқы қолдау ғана емес, оның ішкі жауапкершілігін күшейтетін рухани бағдар. Үлкеннің ақ батасын алған ер өзіне артылған үмітті сезініп, қиындыққа мойымай, жақсы мақсатқа ұмтылады, ал оның елге қызмет етіп, адамдық қасиетін сақтауы батаның тәрбиелік мәнін іс жүзінде жүзеге асырады. Сондықтан халық санасында бата алған адамның «арымауы» оның өмірінде қиындық болмайды деген түсінік емес, ақ батаның рухани қуаты мен үлкеннің сенімі адамды дұрыс жолдан таймауға жетелейтінін білдіретін терең философиялық ұғым саналады.

Бата ұғымының мазмұны ұлттық кодымыздың діңгегі, асыл дініміз исламдық дүниетанымдағы дұға түсінігімен де тығыз байланысты. Қасиетті Құран Кәрімде Жаратушы Алла Тағала пенделеріне: «Маған дұға етіңдер, сендерге жауап берейін» («Ғафир» сүресі, 60-аят) – деп баяндау арқылы мұсылман адамның Раббысынан игілік тілеуінің маңызын көрсетеді.

Қазақтың дәстүрлі қоғамында бата әлеуметтік қатынастарды реттеуші рухани тетік қызметін де атқарған. Үлкеннің батасын алу арқылы жас адам өзінің қоғам алдындағы міндетін сезініп, үлкендердің сенімін ақтауға ұмтылған. Сондықтан халқымыз «Алтын алма, алғыс ал» деп, материалдық байлықтан гөрі адамның ақ батасы мен халықтың алғысын жоғары бағалаған. Одан өзге ғұлама, ойшыл Жүсіп Баласағұн «Жақсы атты ер, білсең алғыс алады, жаман атты өлсе, қарғыс табады» – деп насихаттау арқылы әрдайым алғыс алу жолында тырысу қажеттігін басты назарда ұстаған.

Бата беру дәстүрінің тағы бір маңызды қыры – оның ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз етуінде. Өйткені, үлкендер өмірлік тәжірибесін қысқа да нұсқа нақыл сөздер арқылы кейінгі буынға жеткізсе, жастар сол өсиеттерді қабылдап, өмірінде басшылыққа алған. Осылайша, бата халықтың тарихи жадын сақтауға, ұлттық құндылықтарды ұрпақтан ұрпаққа жеткізуге және қоғамдық бірлікті нығайтуға ықпал еткен.

Дін мен дәстүрді басты бағдары етіп, оны ұдайы насихаттап жүрген Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы соңғы жылдары ақсақалдардың бата беру байқауын өткізіп келеді. Мүфтият ұйымдастырған алғашқы бата беру байқауы 2023 жылы Астана қаласында өтті. Ал екінші рет Шымкент қаласында 2025 жылы ұйымдастырылды. Ақ сақалы жарасқан, ақ батасы тау асқан қариялар әр облыстан іріктелген еді. Екі байқауда да қазылар алқасы ақсақалдардың шариғат пен дәстүрге сай мағыналы бата беруіне, дауыс ырғағы мен киім үлгісіне, қосымша сұрақтарға жауап беруіне қарай бағалап, сол арқылы жеңімпазды анықтаған болатын.

Мұндай байқаулардың негізгі мақсаты қарияларды жарыстыру емес, бата беру дәстүрін жаңғырту арқылы жастарды имандылыққа, кішіпейілділікке, батылдық пен мәрттікке баулу. Сондай-ақ бата беру байқауларының өңірлерде өтіп тұруы сөз қадірін арттыруға, бата тек тілек айту ғана емес, тәлім мен тәрбие құралы екенін насихаттауға үлкен серпін берері сөзсіз. Себебі қазіргі кезде тойдағы айтар тілек пен асқа берілер батаны шатастырып жататын қариялар көп кездеседі. «Бата беруді білмеймін» деп ат-тонын ала қашатындар да жоқ емес. Сондықтан, қазақтың әрбір ер азаматы жастайынан бата жаттап, қандай жағдайда қандай бата берілетінін біліп жүргені абзал. Өйткені Алла қаласа ол да күндердің бір күнінде қартайып, әулеттің үлкені, қоғамның ақсақалына айналады. Сол кезде жастарға не айтарын білмей қол қусырса, ұрпағы кімге қарап бой түземек?

Қорыта айтқанда, «Фатиха» сүресінен бастау алып, «бәтиға» болып тілімізге енген «бата» ұғымы – қазақтың бойтұмары. Қазақта бала дүниеге келгеннен бастап, кез келген жастағы адамға жағдайға қарай берілетін батаның алуан түрі бар. Көненің көзіндей, шежіренің өзіндей болған баталарымызды біле жүрейік. Алла Тағала баршамызды әрдайым ізгілердің бата-тілегін алған игі ұрпақтардан етсін!

Нұрболат ДҮЙСЕБАЕВ,
РАНТ мүшесі



ҚАЛЫҢМАЛ МЕН МӘҺІР

Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрінде неке мен отбасыға қатысты көптеген жөн-жоралғылар бар. Соның бірі – қалыңмал беру дәстүрі. Ал ислам шариғатында әйелдің некеге байланысты алатын ақысы мәһір деп аталады.

Қалыңмал мен мәһір атауы, қалыптасу тарихы және құқықтық сипаты жағынан екі бөлек ұғым болғанымен, қазақ қоғамындағы дәстүр мен ислам құқықтық қағидалары тоғысқан тұстарда олардың арақатынасы туралы сұрақ туындайды. Сондықтан бұл мәселеде қазақ дәстүріндегі қалыңмалдың мәнін де, шариғаттағы мәһірдің үкімін де дұрыс түсіну маңызды.

Қазақ дәстүрінде қалыңмал – жігіт жағының қыз жағына үйлену қарсаңында беретін мал-мүлік. Оның мөлшері әр дәуірде, әр өңірде және отбасының әлеуметтік жағдайына қарай әртүрлі болған. Бір жерде бірнеше малмен шектелсе, ауқатты отбасылар арасында оның көлемі әлдеқайда жоғары болған. Ақшалай берілетін қалыңмал кей жерлерде «домалақ қалыңмал» деп аталған.

Қазақтың дәстүрлі түсінігінде қалыңмал мен жасау бір-бірімен тығыз байланысты болған. Қалыңмал алған қыз жағы оның негізінде қыздың жасауын әзірлеген. Жасау құрамына төсек-орын, кілем, текемет, сырмақ, ыдыс-аяқ, киім-кешек, әшекей бұйымдар және жаңа шаңыраққа қажетті басқа да дүниелер кірген. Осы тұрғыдан алғанда, қалыңмалдың дәстүрдегі негізгі мақсаттарының бірі – қызды жаңа отбасына қажетті дүние-мүлікпен қамтамасыз етуге жағдай жасау болған.

Алайда тарихта қалыңмалды қыздың жасауына жұмсамай, ата-анасының өз қажетіне пайдаланған жағдайлар да кездескен. Мұндай тәжірибені қалыңмалдың бастапқы әрі негізгі мақсаты деп қабылдауға болмайды.

Ислам шариғатында әйелдің некеге байланысты алатын ақысы мәһір деп аталатынын айтып өттік. Мәһір – әйелдің жеке меншігі. Оған әйелдің ата-анасы да, күйеуі де оның рұқсатынсыз иелік ете алмайды. Мәһір ақшалай да, мүлік түрінде де берілуі мүмкін. Шариғатта мәһірдің жоғары шегі белгіленбеген. Ал Ханафи ғұламалары мәһірдің төменгі мөлшеріне он дирхам күмісті белгілеген. Оның нақты мөлшері мен түрін некелесуші жұбайлар өзара келіседі.

Қазақ дәстүрінде қалыңмал – жігіт жағының қыз жағына үйлену қарсаңында беретін мал-мүлік. Оның мөлшері әр дәуірде, әр өңірде және отбасының әлеуметтік жағдайына қарай әртүрлі болған. Бір жерде бірнеше малмен шектелсе, ауқатты отбасылар арасында оның көлемі әлдеқайда жоғары болған.

Фиқһта мәһірдің берілу уақытына қарай екі түрі бар: Тездетіп берілетін мәһір – неке қию кезінде немесе оған дейін берілетін мәһір. Кешіктіріліп берілетін мәһір – кейін беруге келісілген мәһір. Мәһірді неке қию рәсіміне дейін де беруге болады. Мысалы, хұтба (құда түсу) кезінде мәһірдің бір бөлігін немесе барлығын алдын ала беру мәселесі фиқһ кітаптарында қарастырылған.

Осы тұрғыдан алғанда, қалың малдың құда түсу рәсімі кезінде алдын ала берілуі мәһірдің алдын ала берілуіне ұқсайды. Дәл осы тұста қазақ дәстүріндегі қалыңмал мәһірдің орнына жүре ала ма деген негізгі сұрақ туындайды. Бұл сұраққа біржақты «иә» немесе «жоқ» деп жауап бермей, қалыңмалдың қандай ниетпен және қандай келісіммен берілгеніне назар аудару қажет.

Имам Кәсани (Алла оған разы болсын) «Бәдәиғ әс-Санаиғ» еңбегінде сол кездегі қоғамда қыздың мәһірін әкесі алған жағдайды сөз етеді. Оның түсіндіруінше, балиғатқа жеткен қыз өзінің мәһірін сұрауға ұялуы мүмкін. Егер әкесі оның мәһірін алып, кейін қыздың артынан жасау әзірлесе, қыздың оған үнсіз келісуі оның разылығын білдіретін жағдай ретінде қарастырылған. Имам Кәсани: «Әдетте әкесі қызының мәһірін алған соң, оның үстіне сол секілдісін қосып, қыздың артынан жиһаз алып барады», – деп жазады (Бәдәиғ әс-Санаиғ, 2/240).

Бұл жерде назар аударатын нәрсе – мәһірдің қыздың әкесіне берілуі оны автоматты түрде әкесінің жеке меншігіне айналдырмайды. Ол қыздың ақысы болып қала береді. Әкесі оны қызының пайдасына жұмсайды және қыздың артынан жасау әзірлейді.

Ханафи ғалымы Ибн Абидин «Радду әл-мухтар» еңбегінде қыздың артынан берілетін «дустиман» мәселесін талқылай отырып, кейбір Хорезм ғалымдарының оны тездетіп берілетін мәһір ретінде қарастырғанын келтіреді. Сонымен бірге, ол дүние неке кезінде мәһір ретінде белгіленсе, мәһір есебінде болатынын, ал мәһір ретінде белгіленбесе, сыйлық ретінде қарастырылатынын айтады (Радду әл-мухтар, 6/85).

Осыған сүйенсек, қазақ қоғамында «қалың мал» деп берілетін дүние екі жақтың келісімімен мәһір ретінде белгіленсе, оны тездетіп берілген мәһір ретінде есептелуге болады. Мысалы, құда түсу кезінде: «Жігіт жағы қызға мәһір ретінде 1 миллион теңге қалың мал береді» деп келісілсе, берілген 1 миллион теңге – қыздың мәһірі.

Бұл жағдайда қыздың ата-анасы ол ақшаны өз қалауы бойынша пайдалана алмайды. Қыздың разылығы қажет. Егер қыз жасауға жұмсауға келіссе, ата-анасы оны қызының жасауына пайдалана алады. Ал қыз келіспесе, мәһір толықтай оның өзіне берілуі тиіс.

Фиқһ қағидалары бойынша әйелдің мәһір ретінде алған дүниесі оның жеке меншігі болып саналады. Күйеуі де әйелінің рұқсатынсыз оның мәһірін пайдалана немесе сата алмайды.


Сондай-ақ ерлі-зайыптылар ажырасып кеткен жағдайда, әйелдің жеке меншігіндегі мәһір және оған тиесілі басқа да дүниелер оның өзінде қалады. Бұл мәселелер Ханафи фиқһының негізгі еңбектерінде де баяндалған.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы Ғұламалар кеңесінің шешіміне сәйкес, күйеуі тарапынан берілетін қалыңмалды қыздың разылығымен мәһірге жатқызуға және артынан алып баратын жасауына пайдалануға болады. Ал қыз бұған келіспесе, мәһір толықтай қыздың өзіне берілуі тиіс. Сондай-ақ, қалың мал беру дәстүрі жоқ аймақтарда неке қию кезінде мәһір мәселесі міндетті түрде ескерілуі керек.

Медет ҚҰРМАШҰЛЫ

ҚҰДАЙЫ АС БЕРУ МӘДЕНИЕТІНІҢ НЕГІЗГІ ЖЕТІ ТІРЕГІ

Оқырман назарына Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы қабылдаған «Ас беру мәдениеті» құжатындағы «Құдайы ас беру мәдениетінің негізгі жеті тірегін» ұсынып отырмыз.



1. Шынайы ниет ету. Асыл дінімізде кез келген іске кіріспес бұрын әуелі шынайы ниет пен ықыласқа ерекше мән беріледі. Мұсылманның ниеті ісінен қайырлы. Сондықтан шариғатта жасалған жақсылықтардың сауабы жүректегі ниетпен өлшенеді. Атқарылатын әрбір іске әрдайым шынайы ықылас қажет. Сауапты істе көзбояушылық жасауға болмайды. Марқұмның атынан ас берілгенде, негізгі ниет бір Құдайдың разылығын ғана табу болуы тиіс. Одан өзге ниет астың сауабын кемітеді. Ас беруші шаңырақ осы ниеттен арылмауы қажет. Құдайы астағы оқылған Құранның, жасалған дұғаның, берілген садақаның мақсаты – тірілердің не ойлайтыны емес, марқұмның мәңгілік өміріне пайдасын тигізетін ізгі амал жасап сауабын бағыштау.

2. Құдайы асқа жиналу. Марқұмдарға арналған құдайы ас артында қалған ұрпақтарының, жұбайының, ұл-қыздарының және ет-бауыр жақындарының атынан беріледі. Асқа, онда оқылатын Құранға, жасалатын дұғаға қайтыс болған кісінің ұрпақтары мен туысқандарының қатысқаны абзал. Сондай-ақ Құдайы асқа жасы үлкен кісілер, жақын туыстары, көршілері мен достары шақырылады.

Қайтқан кісінің артынан үздіксіз жетіп тұратын ізгі үш істің бірі – артында қалған ұрпағының жасаған дұғасы. Сол себепті, құдайы астарда марқұмның өз ұрпақтарының дұға жасағаны абзал. Басына қайғылы іс түскен жағдайда ағайын, туған-туыстар тез арада жиналып, ынтымақтасып, отбасының жанынан табылып, бірі-біріне қол ұшын бергені дұрыс. Қайғы-қасіретке ұшыраған отбасының материалдық жағдайы көтермейтін болса, туматуыстары көмек көрсеткені жөн. Ислам дінінде жеке жасалған іске қарағанда, көпшілікпен бірге атқарылған игі істердің сауабы көбірек болады. Құдайы асқа келгенде киім кию әдебіне де (әйел адамдар мүмкіндігінше шариғатқа сай киінуге) мән берген жөн. Елде төтенше жағдай орнаған жағдайда құдайы ас беруді кейінге қалдырған абзал немесе өз отбасымен ғана өткізген дұрыс. Ал індетке шалдыққан адамның мұндай жиындарға қатыспауы тиіс.

3. Құран оқу, бата беру және дұға жасау. Әрбір құдайы астың түпкі мақсаты – дүние салған адамдардың рухына Құран аяттарын бағыштау. Асқа Құран оқыту үшін жергілікті мешіттің имамын шақырған жөн. Егер марқұмның ет бауыр жақындарының арасында Құранды сауатты оқитындар болса, оларға оқыту артықтық етпейді. Құран аяттарының бәрі де бірдей қасиетті екендігі айқын. Сондықтан қай сүрені яки қай аятты оқыса да болады. Құдайы асқа жиналған жұрттың уақытын үнемдеу мақсатында тым ұзақ емес, орташа (5-7 минут) көлемдегі сүре-аяттарды оқу құптарлық іс. Оқылған аяттың дұғасын жасағанда марқұмдардың өз атымен қоса оның

әкесінің есімін қосып айтқан жөн. Дұға жасағанда оқыған Құранның сауабын пайғамбарлардың, қазақ даласынан өткен әулиелердің, батыр бабалар мен сол асқа қатысып отырған көпшіліктің де ата-баба, марқұмдарының рухтарына бағыштауға болады. Құран оқылып, дұға жасағанда жиналған көпшілік ниеттес болып отырғаны дұрыс. Құдайы аста Құран оқудан бұрын әулеттің үлкеніне немесе сол жерге келген қонақтардың ішінен жасы үлкен сыйлы ақсақалға бата жасату – қазақы мәдениетіміздің көрінісі.

4. Ысырапқа жол бермеу. Ас та төк ысырап жасау кез келген отбасыға материалдық тұрғыда шығын әкеледі. Қасиетті Құранда: **«...ішіңдер, жеңдер, алайда ысырапқа жол бермеңдер. Өйткені Алла Тағала ысырап етушілерді жақсы көрмейді»** делінген («Ағраф» сүресі, 31-аят). Шариғаттағы көптеген міндеттер орта деңгейлі отбасының жағдайына қарай белгіленген. Мысалы, рамазан айындағы пітір садақасы – жан садақасы бола тұра, барлық мұсылмандарға емес, тек дәулеттілерге ғана міндеттеледі. Сол үшін шығынның көптігімен емес, ниеттің тазалығымен таразыланады. Мал-дәулеті бар адамдар да құдайы асты қарапайым деңгейде бергені жөн. Алайда марқұмның атынан басқа да сауапты амалдар жасауды қаласа, жетім-жесірлерге, кедей-кепшіктерге қайыр-садақа беріп, мешіт, медресе, мектеп, бала-бақша, халық жүретін жол, көпір салып, ағаш егіп, басқа да ізгі істер арқылы өз ниетін іске асыруына болады. Құдайы асқа арнап мал сою міндет емес. Өйткені құдайы аста жиналған адамдарды тойдыру шариғат талабына да, мақсатына да жатпайды. Ең бастысы, ас берушілердің және оған қатысушылардың ниеті таза болуы тиіс. Құдайы аста кәде (сыйлық, тәбәрік, жыртыс және т.б.) таратуды шариғат талап етпейді. Оған жұмсалған қаржыға шын мұқтаждардың қажетін өтеу – әлде-қайда сауапты.

5 Құдайы аста уағыз-насихат айту. Көпшілік жиналған құдайы астарда Алланы еске алудың, шынайы сенім мен имандылықтың маңызы жайлы, сауапты істер туралы имамның қысқаша уағыз айтқаны жөн. Мұнда уағыздың ұзақтығы емес, оның түсінікті, жүйелі және пайдалы болуы маңызды. Уағыз-насихат барысында Құран аяттарынан, Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадистерінен, сонымен бірге халқымыздың да-налары мен ғұламаларының, би-шешендерінің ғибратты өмірлерінен, өсиетті сөздерінен де үзінділер келтіру әдетке айналуы тиіс. Насихат айту барысында жиналған жұрттың уақытын алмау мәсәлесіне де ерекше назар аударған жөн. Асқа жиналған адамдар тойға емес, құдайы асқа келгенін терең сезініп, өзін-өзі соған орай барынша мәдениетті ұстағаны дұрыс. Қайғылы жағдай орын алып отырған шаңырақта, оған арналған аста әртүрлі пайдасыз, бос әңгімелер айтып, орынсыз күліп отыру – әдепке қайшы. Ол қаралы әулеттің қайырымды ісіне зиян келтіреді. Құдайы аста мейлінше жақсы сөз айту, тілектес болып әдеп сақтап отыру.

6. Марқұмды еске алу және қаралы отбасын жұбату. Құдайы асқа жиналған қауым қаралы шаңырақтың қайғысын қозғауға емес, қиын сәтте қайратын қолдауға келеді. Біреудің құдайы асын жиналыс сипатына айналдыру мәдениеттілікке жатпайды. Асқа келген көпшіліктің арасынан нағашылары, құда-жегжаты, ағайыны сынды жақындары ниет білдіріп, көңіл айтып, марқұмның жақсылықтарын сөз етіп, артында қалғандардың көңілін жұбату мақсатында ғибратты әңгіме айтқаны жөн. Жұрттың көзіне көріну үшін құдайы аста көп сөйлеу жөнсіз. Шариғатта марқұмды жақсы жағынан еске алуға рұқсат етілген. Марқұмды жақсы танитын, онымен сырлас, сыйлас болған кісі оның көпшілік біле бермейтін жақсы мінез-құлықтары мен қасиеттері туралы қысқаша естелік айтуына болады. Сөз берілмесе, үндемей, іштей тілектестік білдіріп отыру мәдениеттілікке жатады.

7. Құдайы аста қарапайымдылықты сақтау. Құдайы ас дастарқанында қарапайымдылық таныту – әдептіліктің белгісі әрі мәде-ниеттіліктің көрінісі. Құдайы ас дастарқанында дәулетті кісілер жоғары, жағдайы төмендер төменде отыруы тиіс деген теріс түсініктен аулақ болу қажет. Дастарқанға мейлінше тұрмысы төмен, әлеуметтік аз қамтылған жандарды көбірек қатыстырған абзал. Оның сауабы молырақ болады. Қасиетті Құранда: **«Олардың** (ізгі жандардың) **мал-мүлік дүниелерінде, көмек сұраушының да** (жоқшылыққа сабыр етіп, алақан жаюды ар көретін) **пақырдың да тиесілі ақысы** (сыбағасы) **бар»** деп баяндалған («Зәрият» сүресі, 19-аят). Құдайы ас бергенде осы ережені назарда ұстау қажет. Құдайы астың дастарқан мәзірінде барынша қарапайымдылық сақталғаны жөн. Құдайы ас дастарханында дәулетіне не мансабына қарай емес, асқа келген кісіге қарапайымдылықпен бірдей мәміле жасап, көңіл бөлінуі тиіс.



ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ – ТӘРБИЕНІҢ ТҮП ҚАЗЫҒЫ

Қазіргідей жаһандану кезеңінде ақпараттық технологиялардың дамуы, ғаламтордың кең таралуы, мәдениеттердің өзара ықпалдастығы адамзатқа көптеген жаңа мүмкіндіктер ашты. Түрлі мәдениеттермен танысып, өзге елдердің тәжірибесін үйренуге мүмкіндік алуда. Жаһандану заманында әлемнен оқшаулану әрине мүмкін емес. Біздің ғылым мен технологияны, білім мен инновацияны игергеніміз дұрыс. Білім алу – адамзатқа бұйырылған ең алғашқы ізгі міндеттердің бірі.

Құран аяттары да: **«Оқы! Сені жаратқан Раббыңның атымен оқы!»** деген бұйрықпен басталды. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): ***«Білімді талап ету әрбір мұсылманға парыз»*** – деген.

Білім – өркениеттің бастауы, саналы өмірдің негізі, адамды кемелдікке жетелейтін жол. «Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына», – деп айтылғандай, адам баласы алған білімін қанағат тұтып тоқтап қалмай, өмірбақи ізденіп, даму үстінде болуы қажет.

Жастар әлемнің озық тәжірибесін үйреніп, заманауи мамандықтарды меңгергені абзал. Бірақ әлемдік өркениетке ұмтылу өз болмысымыздан бас тарту деген сөз емес. Керісінше, қанша жерден жаһандану күшейсе де, адам өзінің кім екенін, қай елдің азаматы екенін, қандай мәдениеттің өкілі екенін ұмытпаған дұрыс. Тамыры терең ағаш қана биіктей алады. Сол сияқты ұлттық негізі берік ұрпақ қана әлемдік кеңістікте өз орнын нық табады. Сол үшін де біздің ұлттық болмысымыз: тіл, дәстүр, тәрбие мен рухани құндылықтар жаһандану көлеңкесінде қалып қоймауы керек. Менің ойымша, керісінше қазіргі жаһандану кезеңінде ұлттық құндылықтың маңызы өте зор. Өйткені ұлттық құндылық – халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан рухани тірегі, ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан өмірлік тәжірибесі мен дүниетанымының көрінісі.

Ұлттық құндылық – халықтың өткенін бүгінмен жалғап, болашаққа жол көрсететін рухани көпір. Ұлтты ұлт ететін оның жері мен шекарасы ғана емес. Оның діні, тілі, тарихы мен мәдениеті, салт-дәстүрі, өнері мен әдебиеті – ұлттық болмыстың негізгі белгілері. Қазақ

халқының ұлттық құндылықтарының негізінде үлкенді сыйлау, кішіге ізет көрсету, ата-ананы құрметтеу, ағайынмен тату болу, обал мен сауапты білу, ар-ұятты жоғары қою сияқты қасиеттер жатыр. «Үлкенге құрмет, кішіге ізет» деген ұстанымның өзі халқымыздың тәрбиелік дүниетанымын айқын көрсетеді. Ұлттық құндылық дегеніміз тек ұлттық киім кию немесе салттық рәсімдерді орындаумен шектелмейді. Оның ең басты мәні – адамның бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру. Ұлттық құндылық – өткеннің өнегесін бүгінгі күнмен үйлестіре білу.

Қазақ халқының рухани дүниесінде дін мен дәстүрдің өзара сабақтастығы да ерекше орын алады. Халқымыздың рухани құндылықтар жөнінде танымы мен сенімі ерекше десе де болады. Олар ұлттық құндылықтарды ерекше қадірлеп, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырды. Ал, асыл дінімізді адам мен қоғам арасын жалғастырушы, жарастырушы ретінде бағамдай білді. Оны адамға көкірекке мейірім ұялататын және жан мен тән тазалығын сақтайтын рухани қасиет деп жоғары бағалаған. Асыл дініміз қоғамға пайдалы болуға, адал еңбек етуге, әділдік пен мейірімділікке үндейді. Бұл құндылықтардың көпшілігі халқымыздың дәстүрлі тәрбиесімен де астасып жатыр. Яғни адам баласын ізгілікке, адамгершілікке үндейтін ортақ құндылықтарды насихаттап, қоғамның рухани тұтастығын нығайта түседі.

Тамыры терең ағаш қана биіктей алады. Сол сияқты ұлттық негізі берік ұрпақ қана әлемдік кеңістікте өз орнын нық табады. Сол үшін де біздің ұлттық болмысымыз: тіл, дәстүр, тәрбие мен рухани құндылықтар жаһандану дың көлеңкесінде қалып қоймауы керек.

Дін мен дәстүр – қоғамдағы әлеуметтік-мәдени иммунитеттің негізі. Олар жастарды жат идеологиядан сақтап қана қоймай, ұлттық сана мен патриотизмді нығайтады. Бүгінгідей жаһандану заманында көптеген шет елдік мәдени ықпалдар жастар санасына әсер етуде. Кейбір жастар ұлттық болмысқа бейжай қарап, батыс мәдениетіне еліктеп барады. Мұндай жағдайда рухани тәрбиені күшейту – маңызды міндет. Жастайынан тағылымды тарихымызды оқып, сусындап өскен ұрпақ теріс ағымдар мен жат мәдениеттің жетегінде кетпейді. Салт-дәстүрі мен тарихына ерекше мән берген елдің тұғыры биік, іргесі берік болмақ. «Атаның баласы болма, адамның баласы бол», - деген бабаларымыз бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген. Қазақ халқының ұлттық тәрбиесі - әлемде теңдесі жоқ десек артық айтқандық емес. Мұстафа Шоқайдың: «Ұлттық мәдениеттен жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан, халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын, пайдалы азамат шықпайды», - деген сөзі бар. Ата-бабаларымыздан келе жатқан дәстүр – ұлттық болмысымыздың көрінісі. Сол үшін, келер ұрпақ атадан қалған малды емес, сөзді, дәстүрді қадірлеп, оны ары қарай жаңаша үлгіде түлетсе екен деген тілек бар. Атадан көргенді қайталау ұят емес, оны біліп тұрып істемеу ұят. «Ежелден ел тілегі – ер тілегі, адал ұл ер боп туса – ел тірегі» демекші әр баланың бойында адамгершілік, батылдық, төзімділік қасиеттерін дамытып, жеке тұлғаны қалыптастыруға да осы құндылықтарымыздың пайдасы зор. Аллаға шүкір, халқымыз – рухани зор байлықтың мұрагері. Ата-бабаларымыздың ғибратты жыр-термелері, мақал-мәтелдері, күмбірлеген күміс күйі, көркем сипаттағы шешендік сөздерімен ғасырлар бойы өнегелі, адамгершілік ар-ұжданды азамат етіп тәрбиелеп келгені ақиқат. Дәл қазіргі таңда осы тәрбиені қайта жандандыруымыз қажет. Олардың бойына әдептілік, мейірімділік, қайырымдылық, Отанын сүйіп, құрметтеу деген секілді асыл қасиеттерді жандарына серік етіп, саналарына сіңіре білсек, ұтымды болмақ.

Мақаланы қорытындылай келе айтарым: ең маңыздысы – жаһанданудың жетістіктерін қабылдай отырып, ұлттық болмысымызды жоғалтпау. Әлемдік өркениеттен технология мен озық тәжірибені игере отырып, бабадан қалған асыл қасиеттерді – ар-ұят пен адалдықты, отансүйгіштік пен бауырмалдықты кейінгі ұрпаққа жеткізу.

Ұлттық құндылық – ұлттың рухани тамыры болса, иман – сол тамырға нәр беретін қайнар. Иман – жүректі тәрбиелесе, ұлттық тәрбие – мінезді қалыптастырады. Білім – сананы жетілдіреді. Осы үшеуі үйлескенде кемел тұлға қалыптасады. Ұлттық құндылық – халықтың жады болса, имандылық – сол құндылықтың жүректегі мәні. Екеуін сабақтастыра білу – ұрпақ тәрбиесінің маңызды жолы. Ислам ұлттың ішкі мазмұны мен имани діңгегін құрайтын рухани қазына болса, ұлттық құндылықтар – соны сыртқа танытатын төл болмыс пен форма. Сондықтан екеуін бөліп жармай, қатар ұстану – ұлттың беріктігінің кепілі.

Тамыры терең, иманы берік ұрпақ – елдің ертеңі. Жаһандық әлемде өз болмысын сақтай алған ұлт қана өзінің рухани дербестігін нығайта алады.

Бектұрсын УӘЛИЕВ,
Қостанай облысының бас имамы

ТОЙҒА ДА ӘДЕП КЕРЕК

Қазақты тойсыз елестету қиын. Той – халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан өмір салтының, қонақжайлығы мен ағайыншылдығының бір көрінісі. Сүйінші хабардан бастап, бесік той, тұсаукесер, сүндет той, құда түсу, қыз ұзату, үйлену тойына дейінгі салт-дәстүрлердің әрқайсысының ар жағында белгілі бір тәрбиелік мән жатыр. Қазақ үшін той тек көңіл көтеретін жиын емес, ағайынның басын қосып, үлкеннің батасын алып, жастарға жөн көрсететін әлеуметтік әрі рухани орта.

Алайда, бүгінгі тойлардың сипатына қарап, осы дәстүрдің мәні мен мазмұны қаншалықты сақталып жүр деген сұрақ туындайтыны жасырын емес. Әсіресе соңғы жылдары кейбір тойларда орынсыз әзіл, адамды ыңғайсыз жағдайға қалдыратын ойындар, әдепсіз көріністер, шамадан тыс сән-салтанат пен бәсекелестік көбейіп бара жатқаны байқалады. Біреудің абыройын көпшіліктің алдында күлкіге айналдыруды «тойдың қызығы» деп қабылдау, жас жұбайларды әдейі ұялтатын әрекеттер ұйымдастыру, бір жапырақ тортқа бола ене мен келінді қарсылас қылып көрсету немесе әлеуметтік желіге қаралым жинау үшін шектен шығатын көріністер көрсету қалыпты құбылысқа айналып бара жатқандығы алаңдатады.

Қазақтың дәстүрлі тәрбиесінде үлкен мен кішінің арасындағы қарым-қатынастың өзіндік тәртібі мен шегі болған. Үлкеннің алдын кесіп өтпеу, қонақты құрметтеу, әйел мен ер адамның әдеп шекарасын сақтау, балағат сөзден аулақ болу, біреуді көпшілік алдында ұялтпау секілді қарапайым қағидалар. Мұның бәрін арнайы заңмен немесе жазамен қалыптастырудың қажеті болмады. Өйткені оның негізінде «ұят болады» деген қасиетті ұғым жатты.

Бүгінде осы түсініктің мәнін қайта қараудың қажеті бар секілді. «Ұят» деген сөзді ескіліктің қалдығы ретінде емес, адамның өзін және айналасындағыларды құрметтеу мәдениеті ретінде түсінген жөн. Адамның кез келген ортадағы еркіндігі басқа адамның ар-намысына, қадір-қасиетіне зиян келтірмеуі керек. Той үстінде де осы қағида сақталса нұр үстіне нұр болар еді.

Әсіресе қазіргі жағдайда бұл мәселенің тәрбиелік маңызы арта түсті. Себебі бүгінгі тойға бала да, жас та, үлкен де бірге қатысады. Балалар мен жасөспірімдер үлкендердің әрекетін сырттай бақылап қана қоймайды, одан белгілі бір мінез үлгісін қабылдайды. Егер олар тойда біреуді күлкіге қалдыруды қызық деп көрсе, ертең өздері де сондай әрекетті қалыпты нәрсе ретінде қабылдауы мүмкін. Ал егер тойда үлкенге құрмет, кішіге ізет, ата-анаға алғыс, жас отбасыға ақ тілек, ұлттық өнер мен салтқа құрмет көрсетілсе, мұның да тәрбиелік әсері болады.

Той мәселесін діннен бөлек қарастыру да дұрыс емес. Исламда адамның қуанышына, үйленуіне, ағайынмен бас қосуына, дастарқан жаюына тыйым салынбаған. Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) отбасылық қуаныштарды атап өткені және үйлену тойына байланысты уәлима жасағаны сахих хадистерде баяндалады. Әнас ибн Мәліктен жеткен хадисте Алла елшісінің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Зейнеп анамызға үйленген кезде бір қоймен уәлима жасағаны айтылады.

Тойда біреудің абыройын сақтай білу де, қонаққа құрмет көрсету де, артық шығынға бармау да – жауапкершілік. Балалардың көзінше әдепсіз сөз айтпау да, асаба ретінде халық алдында сөйлегенде



сөздің ретін білу де – жауапкершілік. Тойдағы әдеп мәселесінде асабалардың жауапкершілігіне арнайы тоқталған жөн. Асаба – жай ғана қонақтарды ойын-күлкіге шақырып, ән мен биді кезектестіретін жүргізуші емес. Ол бірнеше сағат бойы жүздеген адамның алдында сөз сөйлеп, кештің жалпы бағытын қалыптастыратын тұлға.

Сондықтан асабаның сөз мәдениеті мен кәсіби жауапкершілігі өте маңызды. Қонақты күлдіру үшін дөрекі, анайы сөз қолданудың немесе біреуді әдейі ыңғайсыз жағдайға қалдырудың қажеті жоқ. Шынайы шеберлік – адамның абыройына тимей-ақ көңіл көтере білуде.

Осы мәселенің қоғам үшін өзектілігін ҚМДБ-ның 2026 жылы асабалармен өткізген арнайы кездесулерінен де көруге болады. Маңғыстауда өткен «Той – тәрбие мектебі» тақырыбындағы жиында асабалардың сөз мәдениеті, ұлттық құндылықтарды насихаттауы, қоғам алдындағы жауапкершілігі және тойдағы ысыраптың алдын алу мәселелері талқыланды.

Бұл – той мәдениетін қалыптастыру тек отбасының немесе асабаның жеке мәселесі емес, қоғамдық тәрбие мәселесіне айналып отырғанын көрсетеді. Асабаға қойылатын басты талаптың бірі – көрерменді күлдіру емес, тойдың қадірін сақтау болуы керек. Үлкендер мен балалар бірге отырған ортада қандай әзілдің жарасатынын, қандай сөздің орынсыз екенін ажырата білу – кәсіби мәдениеттің белгісі.

Дегенмен барлық жауапкершілікті асабаға жүктеу де дұрыс емес. Тойдың мазмұнын ең алдымен той иесі анықтайды. Асабаға қандай бағдар берілсе, көбіне кештің сипаты да соған қарай қалыптасады. Егер той иесі алдын ала «адамды ыңғайсыз жағдайға қалдыратын ойындар болмасын», «үлкендердің алдында әдептен аспайық», «ұлттық өнерге және жақсы тілекке көбірек орын берейік» деген талап қойса, асаба да соған сәйкес жұмыс істейді.

Бүгінде тойдың тағы бір ерекшелігі бар: ол енді тойхана ішінде ғана қалмайды. Әлеуметтік желі арқылы тойдағы кез келген көрініс көпшілікке тарауы мүмкін. Бұл жаңа мүмкіндіктермен қатар жаңа жауапкершілік те жүктейді. Бұрын бір тойда жасалған орынсыз әрекетті сол жерде отырған бірнеше жүз адам ғана көрсе, қазір телефон камерасы арқылы ол мыңдаған, миллиондаған адамның назарына бірден шығуы мүмкін. Адамның рұқсатынсыз оның ыңғайсыз жағдайын түсіріп, әлеуметтік желіге жариялау – жай ғана әзіл емес, жеке адамның қадір-қасиетіне қатысты мәселе. Әсіресе қаралым жинау үшін әдейі шектен шығатын әрекеттерден сақ болған жөн. Әлеуметтік желідегі бірнеше мың қаралым адамның абыройынан қымбат болмауы керек.

Қазақтың дәстүрлі той мәдениетінде тәрбиелік мазмұн жеткілікті болған. Бата беру, үлкендердің ақылын тыңдау, ұлттық өнерді дәріптеу, салт-дәстүрдің мәнін көрсету, ата-ананың еңбегін бағалау, жастарға отбасылық жауапкершілікті түсіндіру – бүгінгі тойда да өз орнын таба алады. Бұл жерде мәселе өткенді сол қалпында қайталауда емес. Қазіргі заманға сай жаңа форматтарды пайдалана отырып, дәстүрдің мазмұнын сақтау маңызды. Сонда той тек көңіл көтеретін кеш емес, белгілі бір құндылықты насихаттайтын ортаға айналар еді.

Ең алдымен, өзімізден бастауымыз керек. Біреуді ұялтатын ойынға қол соқпау, орынсыз әзілге күлмеу, адамды көпшілік алдында ыңғайсыз жағдайға қалдыратын әрекеттерді қолдамау – қарапайым көрінгенімен, мәдени орта қалыптастыруға ықпал ететін негізгі қадамдар.

Бәлкім, біз жақсы тойдың өлшемін қайта қарауымыз керек шығар. Жақсы той – ең қымбат мейрамханада өткен той емес, той иесі кейін жылдар бойы қарызын өтеп жүрмейтін той. Жақсы той – ең көп адам жиналған той емес, келген қонақтың көңілінен шыққан, ағайынның арасына береке кіргізген той. Жақсы той – асаба ең көп күлдірген той емес, ешкімнің абыройын түсірмей, үлкен мен кішінің көңілін тапқан той. Жақсы той – әлеуметтік желіде көп қаралған той емес, одан кейін жақсы сөз, ақ бата, ізгі әсер қалған той болғаны дұрыс секілді. Қазақтың той мәдениетін осындай өлшемдермен бағалайтын уақыт жетті.

Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлының 2026 жылға арналған бағдарлық баяндамасында айтылған «Ислам және адал қоғам» ұстанымын да осы тұрғыдан түсінуге болады. Адал қоғам тек үлкен мінберлерде айтылатын ұғым емес. Ол адамның күнделікті өміріндегі таңдауларынан қалыптасады. Қандай сөз айтамыз, өзгеге қалай қараймыз, қуанышымызды қалай өткіземіз, отбасымыздың мүмкіндігін қалай есептейміз – мұның бәрі адалдық пен жауапкершіліктің көрінісі.

Сондықтан той мәдениетін қалыптастыру мәселесін де қоғамдағы жалпы мәдениеттің бір бөлігі ретінде қарағаң жөн. Ән де айтылсын, әзіл де болсын, ойын да ойналсын. Бірақ оның бәрі адамды қорламайтын, отбасының абыройына нұқсан келтірмейтін, өскелең ұрпаққа теріс үлгі көрсетпейтін шеңберде болғаны дұрыс. Той мәдениеті – қоғам мәдениетінің бір бөлігі. Ал қоғамның мәдениеті әрқайсымыздан басталады. Қазақтың тағылымды тойлары көп болсын!

Марат БЕКТАЗИНОВ,
ҚМДБ Дін мен дәстүр бөлімінің меңгерушісі

ДӘСТҮРДІҢ ОЗЫҒЫ БАР, ТОЗЫҒЫ БАР



Дәстүр – өткен мен бүгінді жалғап тұрған алтын көпір. Бірақ көпірдің беріктігі оның ескілігінде емес, адамды игілікке жеткізетін қызметінде. Дәстүрдің озығын сақтау, тозығын уақыт талабына сай түзету аса маңызды істің бірі болмақ.

Ислам діні де халықтың жақсы әдет-ғұрпын жоққа шығармайды. Керісінше, шариғатқа қайшы келмейтін, адамға пайдасы бар, қоғамның бірлігі мен тәрбиесіне қызмет ететін дәстүрлерді құндылық ретінде бағалайды. Асыл дініміздің құқық жүйесіндегі «ғұрып ескеріледі» деген қағида осыны білдіреді. Алайда кез келген ғұрып Құран мен сүннеттің айқын қағидаларына қайшы келмеуі тиіс. Алла Тағала Құран Кәрімде: **«Шын мәнінде, Алла әділдікке, игілік жасауға және туыстарға көмектесуге бұйырады...»** («Нахыл» сүресі, 90-аят) деп, адамзатқа ортақ ізгі құндылықтарды баян етеді.

Демек, мұндағы негізгі мәселе – дәстүрдің қаншалықты көне екенінде емес, оның адамға қандай тәрбие беріп, қоғамға қандай пайда әкелетінінде. Қазақтың дәстүрлі мәдениетінде Ислам құндылықтарымен үндесетін ізгі салттар өте көп. Үлкенді сыйлау, кішіге ізет көрсету, қонақжайлық, жетім-жесірге қамқорлық, ағайын арасын жарастыру, бата беру, асар жасау, көршімен тату болу, ағайынның қуанышы мен қайғысына ортақтасу сынды ізгі амалдар халқымыздың рухани болмысының ажырамас бөлігіне айналғаны белгілі.

Алла Тағала Құранда: **«Кешірімді бол, игілікті** (ғұрыпты) **бұйыр және надандардан теріс айнал»** («Ағраф» сүресі, 199-аят) деп әмір еткен. Демек, халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан, ізгілікке, үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға, ағайынның бірлігін сақтауға үндейтін дәстүрлерін дәріптеу жоғарыда келтірілген аятқа амал ету болып саналады. Дініміз дәстүрдің барлығын бірдей жоққа шығармайды. Керісінше, шариғатқа қайшы келмейтін ізгі ғұрыптарды сақтап, ұрпақ тәрбиесіне жаратуға үндейді.

«Үлкенге құрмет, кішіге ізет» деген қағида мұсылмандық әдеппен де үндес. Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): ***«Кішімізге мейірім көрсетпеген, үлкенімізді құрметтемеген адам бізден емес»***, – деген хадисі бар. Бұл дәстүр мен

діннің тәрбиелік тұрғыдағы сабақтастығын көрсететін мысалдың бірі.

Қазақтың «Асар» дәстүрі де – қоғамдағы өзара көмектің тамаша үлгісі. Бір адамның қолынан келмейтін шаруаны ауыл болып атқару бауырмалдықтың, бірліктің, жауапкершіліктің көрінісі. Қазіргі тілмен айтқанда, бұл әлеуметтік қолдаудың ұлттық үлгісі. Сол секілді бата беру дәстүрінің де тәрбиелік мәні зор. Батамен адамға жақсы тілек білдіру, ізгі ниетін жеткізу, жас ұрпаққа ақ жол тілеу халқымыздың сөз қадірін жоғары бағалағанын көрсетеді. «Баталы ер арымас, батасыз ер жарымас» деген мақалдың астарында үлкен тәрбиелік мән жатыр. Бата жай ғана сөз емес, ізгі ниет пен жақсы тілектің көрінісі. Қонақжайлық та – халқымыздың дара қасиеттерінің бірі. «Қонақ келсе, құт» деп білген халқымыз келген адамды төрге шығарып, барын бөліскен. Бұл жомарттық пен бауырмалдықтың белгісі.

Дегенмен уақыт өте келе кейбір жақсы салттардың бастапқы мазмұны өзгеріп, сыртқы көрініске, бәсекеге немесе ысырапқа айналып кетуі мүмкін. Мысалы, қуаныш пен қайғыны бөлісу халқымыздың ізгі дәстүрінің бірі болғаны белгілі. Бірақ қуанышты бөлісу бәсекеге, ал қайғыны бөлісу орынсыз шығынға айналмауы керек. Ислам діні ысырапшылдыққа жол бермейтіндіктен Алла Тағала: **«Жеңдер, ішіңдер, бірақ ысырап етпеңдер. Өйткені Ол ысырап етушілерді жақсы көрмейді»** («Ағраф» сүресі, 31-аят) деп баяндаған. Сондықтан «елден қалмайын», «жұрттан кем болмасын», «өзгеден асып түсейін» деген түсінікпен орынсыз шығынға бару дәстүрдің мәніне сай келмейді. Қазір кейбір отбасылардың той өткізу үшін қарызға батуы, бір күндік думан үшін жылдар бойы төлем жасауға мәжбүр болуы ойланатын мәселе. Тойдың сәні дастарқанның молдығымен немесе шығынның көптігімен емес, берекесімен өлшенгені жөн.

Кейде қоғамда «дәстүр бөлек, дін бөлек» деген түсінік кездеседі. Шын мәнінде, халқымыздың көптеген дәстүрі Ислам құндылықтарымен ғасырлар бойы біте қайнасып келеді. Алайда дәстүрді діннен теңестіру де дұрыс емес. Діннің қайнаркөзі Құран мен сүннеттен бастау алады. Ал дәстүр халықтың тарихи-мәдени тәжірибесі негізінде қалыптасады.

Сондықтан салт-дәстүрді бағалағанда үш өлшемге назар аударған жөн. Біріншіден, шариғатқа қайшы келмеуі керек. Екіншіден, адамға және қоғамға пайдасы болуы қажет. Үшіншіден, ұрпақ тәрбиесіне, ел бірлігіне, адамгершілікке қызмет етуі тиіс. Егер дәстүр осы құндылықтарға сай болса, оны дәріптеу ұлттық сананы нығайтудың бір жолы болмақ.

Біз дәстүрді сақтаймыз дегенде оның тек сыртқы формасын емес, рухын сақтауымыз керек. Мысалы, бұрынғы қазақ қоғамында үлкенді сыйлау оларды төрге шығарып, сөзін тыңдаудан көрінсе, бүгінгі қоғамда бұл қасиет ата-ананың жағдайын жасау, қарияға уақыт бөлу, ақылын тыңдау, қажет кезінде қолдау көрсету арқылы көрінуі мүмкін.

Қазақтың дәстүрлі мәдениетінде Ислам құндылықтарымен үндесетін ізгі салттар өте көп. Үлкенді сыйлау, кішіге ізет көрсету, қонақжайлық, жетім-жесірге қамқорлық, ағайын арасын жарастыру, бата беру, асар жасау, көршімен тату болу, ағайынның қуанышы мен қайғысына ортақтасу сынды ізгі амалдар халқымыздың рухани болмысының ажырамас бөлігіне айналғаны белгілі.

Асардың да формасы өзгеруі ықтимал. Бұрын ауыл адамдары үй салуға көмектессе, бүгінгі күні бір отбасының қиын жағдайына қолдау көрсету, мұқтаж жанға жәрдем беру, қайырымдылық жасау, ауыр дертке шалдыққан жанның отасына, еміне қаржы жинап беру сынды амалдар сол асар дәстүрінің жалғасы іспетті. Яғни заман өзгереді, тәсіл өзгереді, бірақ ізгілік өзгермеуі керек.

Дәстүрдің ең үлкен мақсаты – адамның адамдығын арттыру. Егер дәстүр адамды мейірімділікке, жауапкершілікке, ұятқа, арға, имандылыққа тәрбиелесе, ол біздің рухани байлығымыздың біріне айналмақ. Ал егер дәстүрдің аты сақталғанымен, оның мазмұны жоғалып, тек сыртқы рәсім ғана қалса, онда біз оның бастапқы мақсатын қайта қарауымыз қажет.

Бүгінгі ұрпаққа атадан қалған әрбір ғибратты салтты жеткізу маңызды іс болмақ. Абай атамыз: «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» дей келе, адамзатқа ортақ сүйіспеншілік пен бауырмалдықты насихаттайды. Бұл ұстаным халқымыздың дәстүріндегі ағайыншылдық, жомарттық, мейірімділік секілді қасиеттермен үндеседі.

Ұлттың ұлылығы оның өткенін ұмытпауында ғана емес, өткеннен өнеге алып, болашаққа дұрыс бағыт жасай білуінде. Бізге ата-бабадан жеткен жақсы жолды жалғастыру, қоғамға пайдасыз әдеттерден арылу ортақ міндет болмақ.

Әр отбасы өз салт-дәстүріне осы тұрғыдан қарап: «Бұл әдет балама қандай тәрбие береді?» деген сұрақтарды өзіне қойғаны жөн. Бүгінгі таңда ұлттық



құндылық пен діни құндылықты сабақтастыра отырып, ұрпаққа өнегелі дәстүр қалдыру аса маңызды. Өйткені дәстүрдің озығы ұрпақты ізгілікке бастайды.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының дін мен дәстүр құндылығын насихаттауы да ата-бабамыз сан ғасырдан бері ұстанып келген діни жолымызды, төл мәзһабымызды, ұлттық құндылықтарымыз бен қазақы болмысымызды дәріптеуге серпін беріп келеді. Бұл тұрғыда Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлының бастамалары ел арасында үлкен қолдауға ие болды. Өйткені дәстүр өткеннің көлеңкесі емес, болашақтың шамшырағына айналуы қажет. Себебі дәстүр – ұлттың рухани жадын сақтайтын, ұрпақты тәрбиелейтін және қоғамды ізгілікке үндейтін құндылық. Дін мен дәстүрдің өзара сабақтастығын дәріптеу ұлттық болмысымызды жаңғыртып, кейінгі буынға тағылымды жол көрсетуге мүмкіндік береді.

Бас мүфтидің бастамасына қолдау көрсету мақсатында Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Шымкент қалалық өкілдігі «Дін мен дәстүр» бағыты бойынша бірқатар тағылымды әрі мазмұнды іс-шараларды жүзеге асырды. Атап айтқанда, «Наурыз думан», «Асық ату Fest», «Құрбан айт Fest» секілді мәдени-рухани шаралар ұйымдастырылып, ұлттық ойындар мен салт-дәстүрлер кеңінен насихатталды.

Сонымен қатар діни мерекелер, соның ішінде Ораза айт, Құрбан айт және Мәуліт мерекесі кезінде арқан тарту, асық ату, ләңгі тебу секілді халқымыздың дәстүрлі ойындары ұйымдастырылып, жастар мен балалардың ұлттық мұраға деген қызығушылығын арттыруға мән берілді. Мұндай шаралар дін мен дәстүрдің үндестігін көрсетіп қана қоймай, ұлттық құндылықтарды заманауи ортада жаңаша насихаттауға жол ашты.

Бұдан бөлек, отбасылық құндылықтарды нығайту, жас шаңырақтарға бағыт-бағдар беру мақсатында «Жас отбасылар форумы» өткізілді. Жаңадан отау құрған отбасыларға отбасы жауапкершілігі, ерлі-зайыптылар арасындағы сыйластық, үлкенді құрметтеу, бала тәрбиесі және ұлттық тәрбие жөнінде тағылымды ақыл-кеңестер берілді.

Мұның барлығы – дін мен дәстүрдің тамырын тереңдетіп, ұлттық тәрбиені ұрпақ санасына сіңіруге бағытталған игі бастамалар. Дініміздің ізгілігі мен дәстүріміздің тағылымын сабақтастыра білгенде ғана рухани тұрғыдан кемел, ұлттық болмысы берік ұрпақ қалыптастыра аламыз.

Ахметжан КЕРІМБЕК,
Шымкент қаласы орталық мешітінің наиб имамы



БЕРЕКЕНІҢ 4 БАСТАУЫ

Қазақ халқының дүниетанымында береке тек материалдық байлық емес, ең алдымен рухани үйлесім, тыныштық, татулық пен молшылық. Береке ұғымы қазақтың өмір салтымен, тұрмыс-тіршілігімен және отбасылық құндылықтарымен тығыз байланысты.

Бірлік пен татулық

Қазақ үшін берекенің ең басты шарты – отбасының, ағайынның және елдің татулығы. «Береке көзі – бірлікте, бірлік көзі – тірлікте» деген мақал осыны меңзейді. Егер үйде немесе елде ұрыс-керіс болса, ол жерден құт пен береке қашады деп есептеген. «Бір күн ұрыс болған үйде қырық күн береке болмайды» деп ұрыс-керістің алдын алып, өзара тату болуға үндеген. Ағайын тату, көрші аман, ел іші тыныш болса, сол үйге де, елге де береке қонады деп сенген. Ел арасындағы дау-дамай мен келіспеушілікті билер мен ақсақалдар қылдан май суырғандай етіп шешіп, келіспеушіліктің алдын алып отырды.

Халқымыздың бірталай салт-дәстүрі де ағайынды жақындастырып, бірлікке шақырған. Той, жаназа, құдайы ас, асар сынды жиындар ел-жұрттың басын қосып, бір-біріне деген өкпе-реніштері болса айтылып, ымыраға келіп отырған. «Айында көрмесең ағайын жат, жылында көрмесең жекжат жат» дегендей топырақты өлім мен торқалы тойға жиналған жақын-жуықтың келісімге келуден басқа жолы да қалмаған. Араздасып жүрген ағайынды осындай жиындарда үлкендер мен ақсақалдар жағы кездестіріп, татуластырған.

Халқымызда «Берекені көктен тілеме, бірлігі жарасқан көптен тіле» деген мақал бар. Бұл мақал адамға ырыс-береке өзінен-өзі аспаннан түспей-



тінін, оның негізі ел ішіндегі татулық пен ынтымақта жатқанын меңзейді. Тура мағынасында «көктен тілеме» – берекені тек қана тілекке, күтімсіз үмітке арқа сүйеме деген сөз. Астарлы мағынасы – қауым біріксе, ортақ ісі алға басады, ал алауыз елдің ырысы шашырап кетеді. Сондықтан шынайы береке көптің ынтымағынан туады. Мұндағы «көк» – қол жетпес, сырттан келетін күштің белгісі, яғни жалғыз тілекпен болатын іс. Ал «көп» – жұрт, қауым, ел. «Бірлігі жарасқан көп» деген тіркес берекені жинайтын, өсіретін күштің ортақ ауызбірлік екенін көрсетеді. Яғни халықтың басы қосылса, ісі де, несібесі де молаяды.

Қазір бұл мақалды ұжымдық жұмысқа, отбасы тірлігіне, көрші-қолаңның ынтымағына қатысты жиі қолдануға болады. Мысалы, бір ауыл тұрғындары су құбырын жөндеуге не тазалық жұмыстарына бірігіп шықса, жұмыс тез бітеді әрі ортақ игілік артады. Бұл – берекенің көктен емес, көптің бірлігінен келетінінің дәлелі.

Халқымыздың бірталай салт-дәстүрі де ағайынды жақындастырып, бірлікке шақырған. Той, жаназа, құдайы ас, асар сынды жиындар ел-жұрттың басын қосып, бір-біріне деген өкпе-реніштері болса айтылып, ымыраға келіп отырған. «Айында көрмесең ағайын жат, жылында көрмесең жекжат жат» дегендей топырақты өлім мен торқалы тойға жиналған жақын-жуықтың келісімге келуден басқа жолы да қалмаған.

Мал-жанның амандығы

Ата-бабамыздың «Мал-жан аман ба?» деп амандасуы тегін емес. Қазақтың бағзыдан келе жатқан амандасу салтындағы «Мал-жан аман ба?» деп «малды» «жаннан» бұрын қойып сөйлейтін дағды бекер пайда болған жоқ, сірә. Күнкөріс көзі негізінен мал шаруашылығы болған кезде қалыптасқан сөз тіркесі «малы күйлінің жаны түгел болады» дегенді меңзесе керек. Себебі сахарада күнкөрістің негізгі көзі төрт түлік еді. Көңілдің жайлылығы, қазанның қайнап тұруы тікелей малға байланысты болғандықтан, төрт түліктің қадіріне жеткен. Мал-жанның амандығы – елдің, ауылдың амандығы деген сөз. Қазақтың өмірі малмен тығыз байланысты ғой. Ішерге тамағы, киерге киімі дегендей. «Мал-жаның аман ба?» деген сөз бұл сіздің тағдырыңызға, айналаңызға немқұрайлы қарамайтындығыңызды көрсетеді.

Қонақжайлық

Халқымыз үйге келген қонақты ырыстың, берекенің бастауы деп білген. Өз несібесін ала келетін құтты қонақ ұғымы да осыдан шыққан. Үйден дәм татқызу, ақ дастарқан жаю үйге береке шақырудың жолы деп саналған.

Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): ***«Кім Алла Тағалаға және***

ақырет күніне иман келтірсе қонағына сый-сияпат көрсетсін...» - дейді және онымен еріп келетін құт жайлы: ***«Жақсылық қонақ күтілген үйге пышақтың түйенің өркешіне жетуінен бұрын жетеді»,*** – деп баяндаған. Хадисте айтылған жақсылық – Алланың берген нәсібі мен берекесі. Қонақ келсе жалғыз атын сойып берген бабаларымыз осы нәсіптен құр қалмауға қам жасап:

«Кісі көрсең есікке,
Жүгіре шық, кешікпе,
Қарсы алмасаң мейманды
Кесір болар нәсіпке!
Қонақ келсе үйіңе құрметтеп ал,
Көңілін оның қалдырма, Хақтан ұял.
Пәле кетіп, қонақпен рақмет келер,

Ырза қылып әркімнен бата алып қал», – дейді. Пайғамбарымыздың тағылымдарынан нәр алған халқымыз: «Қонақпен еріп құт келеді», – деп қорытынды жасаған.

Жәбир ибн Абдулладан (Алла оған разы болсын) имам Мүслим риуаят еткен хадисте: ***«Бір адамға жеткен ас, екі адамға жетеді. Екі адамға жеткен ас, төрт адамға жетеді. Төрт адамға жеткен ас сегіз адамға жетеді»,*** – деп Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) тамақты бірлесе отырып жеу берекелі болатынын әрі береке шақыратынын дөп басып айтқан.

Үй иесі қонаққа лайықты күтім жасай отырып, Алланың рақымы мен беркесіне бөленеді. Асыл дініміз Исламда қонақ Алланың сүйіктісі және берекенің көзі ретінде таныстырылған. Кейбір риуаяттарда қонақ Алланың берген сыйы болып саналады және ырыс-берекенің артып, Алла рақымының жауына себеп болады.

Үлкенді сыйлау және бата алу

Үйдің берекесі төрде отырған қарттар деп есептелген. Қариясы бар үйдің қазынасы бар. Үлкендердің ризашылығы мен олардың берген ақ батасы шаңыраққа береке мен бақ әкеледі деп сенген.

Бата – өмірдің мәні мен мағынасын өн бойына сыйдырған, ана тіліміздің мағыналы да жауһар сөздерімен өрнектеліп, ұйқасы қиыннан қиыстырылған, жүрек түбінен жарып шыққан нұрлы тілек. Онда халқымыздың бірлігі мен ынтымағын нығайту, ел тыныштығы мен жер тұтастығын сақтау секілді ізгі ниеттер көрініс табады.

Бата – адамның әлсіздігін танытып, Жаратушының құдіреттілігін паш ететін шынайы дұға. Оның негізгі мазмұны «Уа, Жаратушы Ием! Бүкіл мақтау Өзіңе ғана тән. Бізге барлық жақсылығың мен игілігіңді жаудыра гөр!» деген ақ ниетті тілекті көркем сөзбен жеткізуге негізделген.

Халық арасында кең тараған осы бір бата беру дәстүрдің түп-қазығы Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сара жолы болған сүннетінен өрбіген. Әнас сахабаның анасы Умму Сүләйм Алла елшісіне келіп: «Уа Расулалла! Мынау – Әнас, сіздің қызметшіңіз. Ол үшін Алладан дұға тілеңізші» – деп өтінді. Сонда ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): ***«Уа, Алла! Оның малы мен жанын көбейте гөр! Оған бергеніңнің құт-берекесін бере гөр»,*** – деп тілек тілейді. Кейінірек Әнас сахаба расымен де дәулетті болып, немере-шөбере, шөпшектерінің қызығын көріп, ұзақ өмір сүрген.

Елге қадірлі, жасы үлкен адамдардың батасын алу – үлкен абырой. Қазақ халқы арасында кең таралған «пәленшеден бата алған» деген сөз – осының айғағы. Мәселен, М.Әуезовтың «Абай жолындағы» Құнанбайдың баласы Абай үшін Ахмет Риза хазіреттен бата сұратқанын айтуға болады.

Қарап отырсақ, бата адамды теріс қылықтардан сақтандырады және береке дарытады. Ал жастарды ізгілікке, қайырымды істерге баулиды. Бұрынғылар қандай бір іске кірісерде немесе жол жүріп, алыс сапарға аттанарда ақсақалдардан бата алатын болған. Сондай-ақ, үйіне келген құдайы болсын, құттысы болсын қадірлі қонағынан да бата алып қалуды дәстүрге айналдырған. Мұны «Абай жолындағы» Барлас пен Байкөкше жыраулардың Абайға берген батасынан да байқаймыз.

Түйін

Береке біздің ұнамды ісіміз үшін Алланың бізге берген қымбат нығметтерінің бірі. Алла Тағала қаласа, адам баласына ризық пен берекені тіпті, біз ойламаған жерден беріп қояды. Ол ризық пен берекені Алланың бізге берген үлкен сыйы деп түсінуіміз керек. Қысқасы, қазақ үшін береке –ішкен асыңның жұғымды, тапқан малыңның қайырлы, отбасыңның тату және көңіліңнің тыныш болуы. Береке – бұл аздың көпке жетуі, жоқтың бар болуы және бар нәрсенің қайырын көру.

Кеулімжай ҚҰТТЫ



САЛТЫМЫЗҒА ЕНГЕН ЖАҢА «ДӘСТҮРЛЕР»

«Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» дейміз. Бірақ сол озық дәстүрлеріміздің өзі қолданыстан шығып, кейбірі жоғалып бара жатса, енді біріне жаңадан «гүрыптар» еніп, өңі өзгеріп, ата салтымызға айналып шыға келді. Тіпті, халқымыздың жаңа әдеттерді тез қабылдағаны соншалық, қазір оның бәрі қалыпты саналады, бұрыннан бар секілді көрінеді.

Салт-дәстүр мен әдет-ғұрып – әрбір ұлттың тілі секілді ешкімге ұқсамайтын, ұқсаса да, өзіне тән ерекшеліктері бар құндылықтар. Тіліміздің тағдыры сөздік қорымызға, яғни, «Сөзі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады» деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, ана тіліміздегі сөздерді қолдануға тікелей байланысты. Сол секілді салт-дәстүріміз де оны біліп қоюмен ғана шектелмейді. Оны әрбір қазақ отбасында және қоғамда ұстануы тиіс. Әйтпесе, ол да көне сөздер секілді әбден ескіріп, тарихта қала береді. Өкінішке қарай, көнеден жеткен көп дәстүріміз онсыз да қазір «Қызыл кітапқа» енген аң-құстай көрінбей қалды.

Қозғап отырған мәселемізге орай төменде салтымызға енген кейбір жаңа «дәстүрлерді» тізіп көрдік.

Беташардағы бейберекет. «Шілдехана, бесік той, тұсаукесер, сүндет той» деп басталатын танымал ән қазақтың «Той десе, қу бас жерге домалайды» деген сөзінің мәнін ашып тұрғандай. Шынында, халқымыз әуелден той-думанға ерекше мән берген. Алайда, әдепсіздік, мәдениетсіздікке жол бермеген. Қазақтың салтында бар әрбір той-думанды қарасаңыз, оған ата-бабамыз жәй ғана көңіл көтеретін жиын деп қарамаған. Той жүргізуші асабалар жиі айтатын

«Өзбектікі би жарыс, қазақтыкі жиналыс» деген сөз бар ғой. Негізгі мақсат бәрі жиналып алып, кезекпен тілек айту емес, әдемі сөйлейтін әулеттің үлкендерін, ділмар, шешендерін тыңдау еді. Сондай бір өнегенің қалып бара жатқан тұсы – беташардағы бейберекет. Қазір беташарлар неке тойының алдында зәулім мейрамханаларда да өтіп жүр. Соның әсері ме, әлде төрт жүз, бес жүз адамды игеру қиын ба екен, беташар арнауын домбырамен орындау қалып барады. Тіпті домбырамен орындалған күннің өзінде әрбір туысты, мәселен, келінге құда-жекжат, нағашы-жиендерге сәлем салдырғанда олардың әрқайсына арналған қазақша әндерді қосып, ортаға шыққан туыстарды билету сәнге айналды. Әйтпесе, беташардағы негізгі мақсат жаңа түскен келіннің иіліп ілтипат көрсетуінен бөлек, оған өнеге болар сөз айту еді.

«Келін боп келген қиын іс
Жаңа өспірім балаға.
Қызмет қыл иіліп,
Ата менен анаға.
Өзіңнен үлкен адамның
Бетіне тіке қарама...» деген сынды беташар өлеңдері ұзақ болса да, есті адам үшін ескеріп жүрер ақыл-кеңес пен бата-тілек еді.

Тіліміздің тағдыры сөздік қорымызға, яғни, «Сөзі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады» деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, ана тіліміздегі сөздерді қолдануға тікелей байланысты. Сол секілді салт-дәстүріміз де оны біліп қоюмен ғана шектелмейді.

Құрсақ шашу – «құрсағын» көрсету емес. Қазақ салтындағы «құрсақ шашу» немесе «құрсақ тойы» – аяғы ауыр әйелге қатысты ертеден келе жатқан дәстүр. Бұл – көбінесе жаңа түскен келіннің аяғы ауырлағаннан кейін енесінің ұйымдастыратын кішігірім думанды жиыны. Өйткені мұндай басқосу тек әйелдердің, яғни, жақын, тілекші жандардың қатысуымен өтеді және оның мақсаты – ішіп-жеу мен көңіл көтеруден бұрын болашақ ана, жас келінге ақыл-кеңес айту. Өмірдің жаңа бір белесінде оның көңілін аулап, қандай жағдайда не істеу керегін жас келінге түсіндіру, білгенін бөлісу. Қазіргідей кәсіби гинеколог, перзентхана болмаған заманда бойына бала біткен жас келіншектің күтіміне ақ жаулықты аналар, айтар өсиеті мол әжелер ерекше мән берген. Тағамға тәбеті болмай жүрген кезде «итжерік» болған жас келіннің жерік асын тауып беру де ененің мойнында болған екен. Жерігі қанбай жүргені белгілі болса, құрсақ тойына келуші қыз-келіншектер өзара ақылдасып, әртүрлі тағамдарды дайындап әкелген.


Ал енді бұл дәстүрдің өңі қалай өзгеріп кеткенін құрсақ шашу дәстүрін білмесек те, гендер патиді жақсы білетініміздің-ақ байқауға болады. Бұған бір жағынан әлеуметтік желіге контент ретінде не болса, соның шығып жатқаны әсер еткені анық. Гендер патиді түрлі форматта өткізіп, әйелі күйеуіне немесе екеуі де алдын ала білмей, «той думанда» сәбилерінің жынысын біліп жатады. Бұл әсіресе, көптен бала сүйе алмай жүрген отбасылардың, бірнеше қызы болып, ұл күтіп жүрген әкелердің қатысуымен өтіп жатса, әлеуметтік желіде көп қаралым жинап, эмоцияларын көрсетумен ерекшеленеді. Кейбірі ультрадыбыстық зерттеудегі құрсақтың суретін елге көрсетіп қалады. Қарап отырсаңыз, мұның бәрі тіл-көз тиюіне әкелуі ықтимал. Одан бөлек, әлеуметтік желіден көрген кейбір отбасылар да гендер патиді өткізе алмағанына қымсынуы немесе соған бола ерлі-зайыптылар арасында реніш туындауы да бек мүмкін.

Тұсаукесерге қосылып кеткен корей дәстүрі. Қазақтың тұсаукесер дәстүрі жыл өткен сайын түрленіп келеді. Оның кафе, мейрамханаларда да өткенінен бұрын сәбидің аяғына байлаған ала жіпті артынан не алдынан кесудің қайсысы дұрыс екенін білмей жатырмыз. Сондай-ақ пышақ орнына қайшыны қолдану да ырымға жат дейді үлкендер жағы.

Бұдан кейін тәй-тәй басқан бүлдіршіннің алдына ақша, көлік кілті, кітап, домбыра сынды құнды заттарды қойып, оны таңдату, сол арқылы «бала өскенде бай болады екен, өнерпаз болады» екен деп ырымдаудың дәстүрімізге қашан кіргенін сезбей де қалдық. «Қара шаңырақ» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Тұрар Сәттарқызының пікірінше бұл корей халқының «Асянди» дәстүрінен енсе керек. Бұған қоғам белсендісі Ташкентке 1993 жылы барғанда куә болған. Корей жігітіне тұрмысқа шыққан туысының баласы бір жасқа толып, той жасағанда, баланың алдына бірнеше зат қойып оны таңдатқан. Ханбок ұлттық киімін киген бір жасар баланың зат таңдауын корей ұлтының өкілдері болашақ мамандығын таңдаумен байланыстырады екен. Мінеки, осы дәстүр «Асянди» аталады.

Түйіндей келгенде, қазақтың салт-дәстүрлері – ата-бабадан қалған рухани, баға жетпес мәдени мұра. Басқадан бөлек, өзгеден ерек салт-дәстүрлеріміз бізді бөгде ұлттан ерекшелеп тұратыны даусыз. Ендеше, көнеден жеткен аманатқа адалдық таныту, оны кейінгілерге мұртын бұзбай жеткізу ұрпақ ретінде міндетіміз болмақ.

Ермұрат НАЗАРҰЛЫ



КӨЗ ТИЮДІҢ БЕЛГІЛЕРІ ҚАНДАЙ?

Шариғатымызда көз тиюдің бар екені – ақиқат. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Көз тию – ақиқат. Егер тағдырмен жарысқа түсе алатын бір нәрсе бар болса, көз тию болып, тағдырды озып та кетер еді (тағдырды өзгертер еді)», – деген (Мүслим, Ибн Мажә).

Айша (Алла оған разы болсын) анамыздың айтуынша Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) көз тиюге қарсы дұғалар оқуға бұйырған. (Бұхари, Мүслим риуаяты).

Көз тию тек адамға ғана емес, жануарға, егінге, т.б. жанды-жансыз заттарға да әсер етеді. Тіпті кейде адамның көзі өзіне де тиюі мүмкін. Көз тию көбіне адамның бір нәрсеге қатты таңдануы, ұнатуы немесе қызғанышпен қарауы себепті болады. Сондықтан көз тию міндетті түрде біреудің әдейі жамандық ойлауынан ғана болады деуге болмайды. Адам бір нәрсеге таңданып қарап, жаман ниеті болмаса да, көз тиюі мүмкін.

Сол себепті адам өзіне, баласына немесе дүние-мүлкіне ұнайтын бір нәрсені көргенде, оған береке тілеуі керек. Мысалы, біреудің баласына сүйсініп қарағанда: «Мә шәә Аллаһ», «Бәракаллаһ» деп, оған береке тілеу – жақсы әдет.

Жалпы Құранда және сахих хадистерде «мына белгі байқалса, адамға міндетті түрде көз тиген» деген нақты белгілер тізімі жоқ. Дегенмен кейбір ғалымдардың түсіндірулерінде көз тиюге байланысты болуы мүмкін жағдайлар ретінде мынадай белгілер аталады: бұрын болмаған әлсіздік пен дел-салдық; көңіл-күйдің күрт өзгеруі; себепсіз мазасыздық немесе жабырқаулық; бас ауруы; тәбеттің төмендеуі; ұйқының бұзылуы; дененің ауырлап, әлсіз сезілуі; бұрын жақсы көрген нәрселеріне қызығушылығының төмендеуі; себепсіз жылау немесе ашуланшақтық; аяқ-қолдың салқындауы; иықтың ауырлауы; жиі күрсіну; ұмытшақтық; кеуденің қысылуы; кей жағдайда жүрек айну сияқты жайсыздықтар.

Алайда бұл белгілердің ешқайсысын көз тиюдің нақты дәлелі деп қабылдауға болмайды. Себебі мұндай жағдайлар күйзеліс, ұйқының жеткіліксіздігі, жұқпалы аурулар, қан қысымының өзгеруі, дәрумен тапшылығы және басқа да медициналық немесе психологиялық себептерден туындауы мүмкін.

Сондықтан адамның денсаулығында өзгеріс байқалса, оны бірден көз тиюге жорымай, қажет болған жағдайда дәрігерге қаралғаны дұрыс. Мұсылман адам өзін де, өзгелерді де көз тиюден сақтануға тырысуы керек. Оның негізгі жолы – Аллаға сыйыну, дұға жасау және Оған тәуекел ету. Сондай-ақ «Ықылас», «Фалақ» және «Нас» сүрелерін оқып, Алладан қорғау тілеп, өзіне дем салу.

Ал біреудің бойынан, баласынан, үйінен немесе дүние-мүлкінен өзіне ұнайтын нәрсені көргенде, оған қызғанышпен қарамай, береке тілеу керек.



МАРҚҰМНЫҢ ЖЕТІСІ, ҚЫРҚЫ, ЖЫЛДЫҚ АСЫН ӨТКІЗУ ДҰРЫС ПА?

Адам қайтыс болғаннан кейін оның атынан садақа беру, мұқтаждарға көмектесу, жұртқа тамақ тарату және Құран бағыштап, дұға жасау – сауапты істердің бірі.

Алайда марқұмның жетісін, қырқын немесе жылдығын өткізу шариғатта міндеттелген арнайы рәсім емес. Мұндай жиындар жаназасына қатыса алмаған алыстағы ағайын-туысқандары көңіл айтып, көрісуі және марқұмға дұға жасауы үшін садақа ретінде өткізілсе, «мубах» (рұхсат етілген) жоралғылардың қатарына жатқызылады.

Марқұмның атынан ас беру рұқсат етілген іс болғанымен, шариғатта міндетті түрде мал сойып, қарызданып немесе үлкен дастарқан жаюды талап етпейді. Ас берілетін болса, ол отбасының жағдайына қарай, ысырапсыз және мақтаннан аулақ түрде ұйымдастырылғаны дұрыс.

Марқұмның атынан жасалатын сауапты істердің түрі көп. Мысалы, садақа беру, мұқтаж адамдарға жәрдемдесу, игі іс жасау, марқұмға дұға ету және т.б. Мұндай сауапты істерді белгілі бір күнге байламай, кез келген уақытта адамның шамасына қарай жасауға болады.

Егер марқұмның атынан ас берілсе, оның негізгі мақсаты – Алланың разылығын іздеу, марқұмның күнәларының кешірілуін тілеу, оған дұға жасау және жасалған садақаның сауабын бағыштау болуы керек. Сонымен қатар мұндай жиын өлімді еске алып, тірілерге ғибрат алуға, қысқа ғұмырды ізгілікпен әрі құлшылықпен өткізуге себеп болғаны жөн.

Сондықтан қазалы жиын дүниелік әңгіме, ойын-сауық, бәсеке мен даңғазаға айналмауы тиіс. «Өзекті жанға – бір өлім» дегендей, қаза – дүниелік қызықтың немесе орынсыз әңгіме мен ойын-сауықтың уақыты емес. Бұл – марқұмды еске алып, оған дұға жасау, жақындарына көңіл айту, сабырға шақыру және қайғысына ортақтасу үшін бас қосатын кез.

Қорыта айтқанда, марқұмның жетісі, қырқы, жылдығы – шариғатта міндеттелген рәсім емес. Дегенмен марқұмға дұға жасауы мақсатында мұндай жиындарды ысырапсыз, мақтансыз өткізуге болады. Ең маңыздысы – жиынды жарысқа айналдырмай, марқұмға дұға жасауға, садақа беруге және тірілерге ғибрат алуға бағыттау.

Дайындаған Медет ҚҰРМАШҰЛЫ

ЖАСТАРДЫҢ ЖАНЫНА ҚАЖЕТ КІТАП

Қазақы танымда «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деп баланың ата-анасынан тәлім алатынын меңзесе де, ата-әженің тәрбиесі одан жоғары саналады. Өйткені ата мен әже – немеренің әке-шешесін өмірге әкеліп, өсірген, олардың жасынан әлдеқашан өткен тәжірибелі жандар.



Халқымыздың арғы-бергі тарихын қарасақ, Айғанымдай аяулы әженің өнегесімен өскен Шоқан Уәлихан, Зередей дана қарттың тәлімін көрген Абай Құнанбайұлындай алыптарды ойға алмауымыз әсте мүмкін емес. Жаңа ғасырда есімі жарқ еткен ұланның бірі кешегі марқұм Бейсен Құранбек те – әже мектебінен өткен тұлға. Демек, әже тек келінге жөн сілтеп, көмекші болып отыратын жан емес. Ол – болашақ нар тұлғалы азаматтардың бүгінгі ақылманы, немеренің ақылшысы, мейірбан қамқоршысы. Әрине, әрбір ана баласына мейірімді ғой. Бірақ әженің мейірімі оның даналығында.

Мұны неге айтып отыр дерсіз. Қазір елімізде ауылдан қалаға жаппай көшу жүріп жатыр. Қаладағы ұл-қыз өсіріп отырған көп шаңырақта ата-әжелері тірі болса да, жанында емес, ауылда, өздерінен жырақта. Жаулығындай ақ көңілі, дариядай даналығы бар әже тәрбиесі қазіргі жеткіншектерге жетпей жатқан бір құндылығымыз. Сондықтан «Иман» журналының оқырмандарына Шымкент қаласы бас имамының орынбасары, исламтанушы Мұхамеджан Естемірдің «Әжемнің насихаты» кітабын оқуға кеңес береміз. Жаңа кітап «Мүфтият» баспасынан жарық көріп, екі ай бұрын Астанада өткен «Адалдық – Пайғамбар (ﷺ) өсиеті» рухани Мәуліт кешінде көпшілікке таныстырылған бес туындының бірі болды.

Бұл кітапта әженің бала тәрбиесіндегі рөлі жан-жақты баяндалады. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету, адал еңбек ету, білімге ұмтылу, отансүйгіштік, бауырмалдық, мейірімділік секілді асыл қасиеттер кеңінен қамтылған. Бұл еңбек жас буынды ата-баба мұрасын құрметтеуге, отбасы құндылықтарын қастерлеуге, адамгершілік пен имандылық жолында нық қадам басуға үндейді. Әсіресе адалдық жолын ұстану, аманатқа берік болу, жомарттық таныту, адал еңбек ету, сараңдықтан сақтану сынды адамгершілік құндылықтар ұрпақ тәрбиесі үшін маңызды болары сөзсіз. Кітап барша оқырман қауымға арналады.

IMAN
ДІНИ-ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛЫ
Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының ресми журналы
Меншік иесі:
«Иман-сенім» ЖШС

Редакция алқасы:
Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ (төраға)
Кенжетай ДҮЙСЕНБАЙ
Сансызбай ҚҰРБАНҰЛЫ
Ермек МҰҚАТАЙ
Ғылымбек МӘЖИЕВ
Мұхаммед-Хусейн АЛСАБЕКОВ
Ершат ОҢҒАР
Батыржан МАНСҰРОВ
Смайыл СЕЙІТБЕКОВ
Асан ӘБДІҚҰЛҰЛЫ
Ағабек ҚОНАРБАЙҰЛЫ
Хасан АМАНҚҰЛ
Ерболат ЖҮСІПОВ
Марат БЕКТАЗИНОВ
Аян БОЛАТҰЛЫ
Марат ЖАППАСБАЕВ
Естай ӘБДІҒАЛИ
Жұманазар САДЫРХАНОВ
Керімбек ДӘУІТОВ
Бейбіт ЖАНСАРИН
Нұрбек ЕСМАҒАНБЕТ
Асқар ЗӘКІРЖАНҰЛЫ
Әнуар ЕЛЖАНОВ
Бақдәулет НҰРМАТҰЛЫ
Асқар МҰҚАНОВ
Мадияр ПІРІМҚҰЛОВ
Самат ҚАНАТҚАЛИҰЛЫ
Қанат ҚЫДЫРМИН
Дастан ҚҰРМАНБАЕВ
Болатбек ҰЛАСҚАНҰЛЫ
Төлеби ОСПАН
Амантай САДИЕВ
Думан НӘДІРҰЛЫ
Ержан ТӨЛЕПОВ
Бектұрсын УАЛИЕВ
Серік ХАЛЫҚОВ

Директор-бас редактор
Кеулімжай ҚҰТТЫ

Жауапты хатшы
Ермұрат НАЗАРҰЛЫ

Шарығи редактор
Медет ҚҰРМАШҰЛЫ

Техникалық редактор
Асқар БАЙҚОҢЫРҰЛЫ

Редакцияның мекенжайы:
Астана қаласы, Мәңгілік ел, 65
«Iman» журналының редакциясы

Пошта: iman@muftyat.kz
Телефон: +7 (7172) 999866
Жазылу индексі: 75998

Журнал айына 1 рет шығады

Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, №3176 ж күәлігі берілген

«Iman» журналы редакциясының компьютерлік орталығында беттелді.

Таралымы – 14 740
Тапсырыс: №268

«Жедел басу» баспаханасы, Алматы қаласы, Ырысты көшесі, 46/2а

Журналда жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Басылымда Алла Тағаланың есімі мен Құран аяттары жазылғандықтан, журналды аяқасты етпеулеріңізді сұраймыз.